


# Мұғалімнің сабақ жоспары

Киелі кітап уақытының 0-ден 4-ке дейінгі деңгейінің  
B бөлімінің B5 және B6 сабақтары



## Киелі кітаптан білім беру қызметтері (КБҚ)

Ұлыбританияда тіркелген қайырымдылық қоры (CIO 1186004)

КБҚ-ның миссиясы:

Иса Мәсіх туралы ақиқатты келер ұрпаққа таныстыру үшін, Киелі кітап сабақтарын бүкіл әлем бойынша жарыққа шығару.

КБҚ-ның аян-мақсаты:

Осындай қызметке бағышталған серіктестердің жаһандық желісін дамытып және қолдай отырып, жас ұрпаққа өз ана тіліндегі толық оқу жоспарымыз арқылы ақиқатты жеткізу.

### ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Киелі кітаптан білім беру қызметі не істейді?

Киелі кітаптан білім беру қызметі ағылшын тілінде Киелі кітап уақыты, Bibletime Going Deeper (бұрынғы NewLife) және Егін орушылардың Киелі кітабы сабақтарын баспадан шығарады. Сондай-ақ, пошталық Киелі кітап мектептері және Ұлыбритания мен шетелдерде КБҚ сабақтарын қолданып жүрген ұйымдарға қолдау көрсетеді. Біз мұны желі арқылы, кеңес беру, тренингтер өткізу, оларға бару арқылы жүзеге асырамыз. Дәл қазір КБҚ басқа елдерде осы сабақтарды аударып, дизайнын жасап, оларды баспадан шығарып, таратумен айналысып жатқан топтармен серіктесе отырып қызмет етіп жатыр. Бұл сабақтар барлық оқырмандарға тегін таратылуы тиіс.

Киелі кітап уақытының сабақтары алғаш рет 50 жыл бұрын оңтүстік Ирландияда қолданылды. Киелі Кітаптан білім беру қызметі Киелі кітап уақытының сабақтарын ағылшын және барлық басқа тілдерде басып шығару жауапкершілігін атқарады. Киелі кітап уақытының сабақтары әдетте А4 форматында басылып шығады. Бұл оқушыларға әрбір төрт апта сайын сабақтарын бағалау үшін Киелі кітап Мектебі Орталығына жіберуге мүмкіндік береді. Жуырда Белфасттағы Эври Хоум Крусейдтің (Қайта өрлеу қозғалысы) арқасында сабақтар А5 форматында басылып шықты. Оны қауымдар мен мектептерде, әсіресе, пошта қызметі нашар дамыған елдерде қолдану әлдеқайда оңайырақ болды.

КБҚ сабақтары үйде немесе топпен (қауымда/мектепте) өтуге болатындай ерекше жасалынған. Оқушылар оны 20 жылға дейін оқи берулеріне болады. Сол үшін жоспарланған силлабусы да бар. Сабақтардың бес деңгейі әрбір жас тобына арналған: мектепке дейінгі, 5-7 жас, 8-10 жас, 11-13 жас, 14-16 жас аралығындағы топтар үшін қолжетімді сабақтар. Әрбір жас тобына арналған үш жылдық силлабусы бар. Жас топтары әр түрлі қабілет деңгейлеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Киелі кітап уақыты ресурстары балалардың Киелі кітапты үйренулеріне және оның бүгінгі күні адамдардың өмірінде өзектілігі туралы ойлануларына мүмкіндік береді.

Сабақтардың көшірмесін КБҚ-ның веб-сайтынан [www.besweb.com](http://www.besweb.com) немесе Эннискиллендегі КБҚ офисінен алуға болады. Веб-сайтта басқа тілдердегі аудармасын да табуға болады. Егер бізбен серіктес болғыңыз келсе, КБҚ-ның веб-сайтынан бұл жөніндегі құжаттарды көруге болады.

### КБҚ-ның байланыс мекен-жайы

**КБҚ офисі (ағылшын тіліндегі барлық сабақтардың қоймасы):**

37а Белмор к-сі, Эннискиллен, Солтүстік Ирландия, BT74 6AA

Телефоны: 02866 322462

Эл.пошта: [info@besweb.com](mailto:info@besweb.com)

Веб-сайт: [www.besweb.com](http://www.besweb.com)

## Мұғалімнің сабақ жоспары

Мұғалімнің сабақ жоспары Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданып жүрген мұғалімдерге сыныпта/топта оқытуға арналған ұсыныстар мен идеялармен қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл кітапшада олар 0-ден 4-ке дейінгі деңгейлерде қолдану үшін жасалған.

Әрбір сабақтың жоспары Киелі кітап уақытының сабағындағы Киелі кітап сілтемелерімен бірдей жүреді және олар апта сайын пайдалануға арналған. Сәуір айының сабақтары Қайта тірілу мейрамына байланысты және желтоқсан айының сабақтары Исаның туылу күніне негізделіп ерекше өтеді.

Әдетте топ/сынып мұғалімі әр аптада бір айға берілген А4 сабақтарын өткізеді. Егер қажет болса, олар еркін оқу уақытын өткізе алады. Айдың соңында мұғалімдер сабақтарды жинап алып, оларды тексеріп, оқушыларға қайтарып береді.

## Мұғалімдерге арналған дайындық

Мұғалім Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданғанда, өзінің тобындағы оқушыларға қолайлы идеялар мен инициативаларды пайдалана алады. Келесі ұсыныстар осы ресурсты пайдалануға көмектеседі:

- **Әңгімемен таныс болыңыз.** Мұғалім Киелі кітаптағы әңгімемен және онымен бірге жүретін Киелі кітап уақытының сабақтарымен мүмкіндігінше таныс болғаны жөн. Негізінде Киелі кітап уақытының сабағын сабақ басталмай тұрып, мұғалімнің өзі орындауы қажет. Сабақ жоспарлары да сабақтарды жоспарлауға көмекші құрал ретінде мұқият қарастырылуы қажет.
- **Үйретілуге тиісті сабақты түсініп алыңыз.** Әрбір сабақтың жоғарғы жағында «Біздің үйренетініміз» деген жазу және оның астында үйренетін нәрселердің тізімі бар. Балалар мұғалімнің сабағынан кейін және Киелі кітап уақытының сабағын аяқтағанда осы нәрселерді үйреніп алады деп үміттенеміз.
- **Таныстыру.** Барлық сабақта біз әр түрлі жағдайларға байланысты балалардың қандай тәжірибелері бар екенін білуден бастаймыз. Біз балаларға әңгіменің ең басын талқылауға белсенді қатысулары үшін әңгімені таныстырудың әр түрлі жолдарын ұсындық.
- **Үйрету.** Біз әңгімедегі негізгі ойларды алдын ала беріп қойдық. Әңгімені үйрету барысында оларға сілтеме жасаудың қажеті жоқ, бірақ олар пайдалы нұсқаулық болып табылады. Оларды шабыттандыратын қызықты жолдармен үйретуді көздеңіз. Балалардың назарын аудартып, негізгі ойды түсінулеріне көмектесіңіз. Ол үшін жайлы дауыс ырғағымен сөйлеп, олардың не үйренгендерін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.
- **Көрсетіңіз.** Кейбір жағдайларда көрнекілік құралдарын табу қиын болғанымен, балалардың әңгімені жақсы түсінулері үшін мүмкіндігінше суреттер немесе көрнекілік құралдарын пайдаланған маңызды. Көптеген сабақтарда [www.freebibleimages.org](http://www.freebibleimages.org) (FBI) веб-сайтынан жүктеп алуға болатын суреттер жайлы ақпарат берілген. Әңгімеге/оқуға арналған бұл тікелей сілтемелер кітапшаның соңында берілген А, В және С қосымшаларында жазылған.
- **Үйрену.** Әрбір әңгімеге негізгі аят бекітілген. Осы аяттарды естіп, үйрену балалардың Киелі кітаптағы сөздерді тереңірек білуіне көмектеседі.
- **Аяқтау.** Әдетте мектепте мұғалім оқушылардың жұмысты орындау қабілетін және өз жағынан қаншалықты көмек керек екенін біледі. Кейбір балалар үшін мұғалім сабақта өтетін мәтінді оқып шығуы қажет, өйткені оқушылар өздеріне таныс әңгімеге еріп отырады. Басқа балалар мәтінді өз бетінше оқи алады. Қандай тәсілді қолдансаңыз да, сабақтың қызықты өтуін қадағалаңыз және балаларды еңбектері үшін мақтауды ұмытпаңыз.
- **Қайталау.** Үйренуге көмек болсын деп, тақырыпты қайталау құралы ретінде сөзжұмбақтар мен ойындар, драмалық көріністер ұсынылған.
- **Өмірге қолдану.** Бұл бөлімнің тақырыбы «Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?» деп аталады және осы шақыруға қалай жауап беретініміз жөнінде жеке әрі топтық жұмыстар берілген.



АТЫ:

## К.Б.Қ.


Бұл бейнесіндегі бұл кейіпкер Мысырдан шығу кітабының 13-тарауындағы 21-22 аяттарға негізделіп алынған және Құдайдың қатысын білдіреді. Киелі кітап уақыты әңгімелерінде ол - даналықтың қайнар көзі, өйткені ол «Сұрақ» деген кейіпкерге Құдай туралы үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Ол - бәрімізді Құдайдың Сөзін, яғни, Киелі кітапты терең түсініп оқуға жігерлендіретін мейірімді, жылы жүзді кейіпкер.



АТЫ:

## СҰРАҚ


Сұрақ - ізденімпаз әрі терең ойланатын кейіпкер. Оның өте көп сұрақтары бар және сұрақ беруден қорықпайды. Ол өзінің сұрақтарына жауап табуға көмектесетін К.Б.Қ мен Нұр атты достарына дана әрі жігер беретін тәлімгерлер ретінде қарайды. Солай істей отырып, ол бәрімізге ең керемет дос болатын Исаны табуға көмектеседі.



АТЫ:

## ҮЗІЛІС

Үзіліс – қуанышты әрі көңілді кейіпкер. Ол сөйлемейді, бірақ үзіліс жасайтын уақытты білдіреді. Сөйтіп, біз осыған дейін үйренген нәрселер туралы ойлана аламыз. Сондай-ақ, біз мұқият ойланып болғаннан кейін, Үзіліс біздің жаттығу жасауымызға немесе сұрақтарға жауап беруге кірісу қажеттігін есімізге салады.



АТЫ:

## НҰР

Шам бейнесіндегі бұл кейіпкер 118-ші Забур жырындағы 105 аятпен байланысты. Ол Исаға арнап, «шам-шырақтай нұрын шашады». Ол К.Б.Қ-мен бірге Сұрақ кейіпкеріне және бізге Киелі кітаптың Құдай берген нұсқаулық екенін түсінуге көмектеседі. Ол бізге Құдаймен және басқалармен қарым-қатынаста тұрып, Ізгі хабардың шындығына қалай куәгер болуды көрсетеді.

## Киелі кітап уақытының силлабусы

	0-деңгей (мектепке дейінгі жас) 1-деңгей (5-7 жас) 2-деңгей (8-10 жас)	3-деңгей (11-13 жас)	4-деңгей (14 жастан жоғары)
БАСТАУШЫ БӨЛІМДЕР	Бастаушы сабақ. Кіріспе.	Бастаушы сабақ. Кіріспе.	Бастаушы сабақ. Кіріспе.
А БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жаратылыс</li> <li>2. Нұх</li> <li>3. Петір</li> <li>4. Петір. Айқыш</li> <li>5. Ыбырайым</li> <li>6. Ыбырайым</li> <li>7. Петір</li> <li>8. Петір</li> <li>9. Жақып</li> <li>10. Ерте кездегі мәсіхшілер</li> <li>11. Пауыл</li> <li>12. Исаның туылуы туралы әңгіме</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жаратылыс</li> <li>2. Нұх</li> <li>3. Петір</li> <li>4. Петір. Айқыш</li> <li>5. Петір</li> <li>6. Ыбырайым</li> <li>7. Жақып</li> <li>8. Мінажат</li> <li>9. Пауыл</li> <li>10. Пауыл</li> <li>11. Пауыл</li> <li>12. Исаның туылуы туралы әңгіме</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жаратылыс пен күнәға бату</li> <li>2. Ерте кездегі дамулар – Жаратылыстың басталуы</li> <li>3. Петір</li> <li>4. Петір. Айқыш</li> <li>5. Петір</li> <li>6. Ыбырайым</li> <li>7. Жақып</li> <li>8. Мәсіхшілік өмір</li> <li>9. Пауыл</li> <li>10. Пауыл</li> <li>11. Пауыл</li> <li>12. Исаның туылуы туралы әңгіме</li> </ol>
В БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхтің өмірі</li> <li>2. Кереметтер</li> <li>3. Бетания</li> <li>4. Айқыш</li> <li>5. Астарлы әңгімелер</li> <li>6. Жүсіп</li> <li>7. Жүсіп</li> <li>8. Исаны кездестірген адамдар</li> <li>9. Мұса</li> <li>10. Мұса</li> <li>11. Мұса</li> <li>12. Исаның туылуы туралы әңгіме</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Астарлы әңгімелер</li> <li>2. Кереметтер</li> <li>3. Бетания</li> <li>4. Айқыш</li> <li>5. Ерте кездегі мәсіхшілер</li> <li>6. Жүсіп</li> <li>7. Жүсіп</li> <li>8. Ізгі хабарды жазушылар</li> <li>9. Мұса</li> <li>10. Мұса</li> <li>11. Мұса</li> <li>12. Исаның туылуы туралы әңгіме</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Астарлы әңгімелер</li> <li>2. Кереметтер</li> <li>3. Бетания</li> <li>4. Айқыш</li> <li>5. Ерте кездегі мәсіхшілер</li> <li>6. Жақып пен оның отбасы</li> <li>7. Жүсіп</li> <li>8. Елш.іст. 2:42. Алдағы жол</li> <li>9. Мұса</li> <li>10. Мұса</li> <li>11. Заң</li> <li>12. Исаның туылуы туралы әңгіме</li> </ol>
С БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Даниял</li> <li>2. Тағы басқа кереметтер</li> <li>3. Исаны кездестірген адамдар</li> <li>4. Мәсіхтің өлімі</li> <li>5. Рут және Самуил</li> <li>6. Дәуіт</li> <li>7. Дәуіт</li> <li>8. Ешуа</li> <li>9. Ілияс</li> <li>10. Еліше</li> <li>11. Жүніс</li> <li>12. Исаның туылуы туралы әңгіме</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Даниял</li> <li>2. Исаны кездестірген адамдар</li> <li>3. Тағы басқа кереметтер</li> <li>4. Мәсіхтің өлімі</li> <li>5. Рут</li> <li>6. Самуил</li> <li>7. Дәуіт</li> <li>8. Ешуа</li> <li>9. Ілияс</li> <li>10. Еліше</li> <li>11. Құдай қолданған адамдар – Көне Өсиет</li> <li>12. Исаның туылуы туралы әңгіме</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Даниял</li> <li>2. Исаның сөздері</li> <li>3. Жаратқан Иенің құдіреті</li> <li>4. Мәсіхтің өлімі</li> <li>5. Рут</li> <li>6. Самуил</li> <li>7. Дәуіт</li> <li>8. Ешуа</li> <li>9. Ілияс</li> <li>10. Еліше</li> <li>11. Көне Өсиеттегі басқа кейіпкерлер</li> <li>12. Исаның туылуы туралы әңгіме</li> </ol>

	<p><b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Киелі кітап біз кездестірген әрбір адамға мейірімді болуды үйретеді.</li> <li>• Мәсіхшілер үшін Иса қайырымды самариялық секілді. Ол бәрін жақсы көреді және ешкімді алаламайды.</li> </ul> <p><b>Негізгі аят: Лұқа 10:27</b> <b>Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 10:25-37</b></p>
<p align="center"><b>ТАНЫСТЫРУ</b></p>	<p>Балалардан өздерінің сүйікті әңгімесін айтып берулерін сұраңыз. (Уақыт болса, оның суретін салғызуға болады)</p> <p>Адамдардың Құдай туралы жақсырақ түсінулеріне көмектесу үшін, Иса көптеген әңгімелер айтып берді. Оның әңгімелерінің астарында терең мағына жатты. Олар астарлы әңгімелер деп аталады.</p> <p>Балалардан ұзақ сапарға шыққан уақыттары туралы әңгімелеп беруін сұраңыз. Олар қайда барды? Қалай сапар шекті? Сапар жоспарланғандай өтті ме?</p>
<p align="center"><b>ҮЙРЕТУ</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Иса яһуди мұғалімінің сұрағына жауап ретінде сапарға шыққан бір адам туралы әңгіме айтып берді. Бұл сұрақты қойған адам Құдайды бар жан-тәнімен, бар күшімен, ақыл-ойымен сүйі керектігін білген. Ол сондай-ақ өзін қалай сүйсе, жақынын да солай сүйі тиіс екенін білді, бірақ бұл нені білдіретінін түсінбеді. <b>(Лұқа 10:25-28)</b> Талқылаңыз:</li> <li>• Құдайды бар жан-тәнімен, бар күшімен, ақыл-ойымен сүйе деген мәсіхшілер үшін қандай мағынаны білдіреді? Көршінді сүйе деген нені білдіреді? Қалай ойлайсындар?</li> <li>• Иса әлгі адамға маңайындағы адамның кім екенін түсіндіру үшін, бір астарлы әңгімені айтып берді. Бір адам Иерусалимнен Иерихонға қарай жолға шығыпты. Жолда оған қарақшылар шабуыл жасап, киімдерін сыпырып алып, шала-жансар етіп тастап кетіпті. <b>(Лұқа 10:29-30)</b> Бұл адамның сапары мүлдем сәтсіз аяқталды. Киелі кітап заманындағы жерлерді картадан көрсетуге және Иерусалим мен Иерихонның қайда орналасқанын балалардың табуына болады.</li> <li>• Осы жолмен үш адам өтті. Бірінші адам діни қызметкер болатын. Ол әлгі адамға жай ғана қарап, жолдың екінші шетімен өте шықты. Екінші адам леуілік, яғни, ғибадатхана қызметкері еді. Ол әлгі жарақаттанған адамға қарап, қол ұшын да бермеді. <b>(Лұқа 10:31-32)</b></li> <li>• Үшінші адам самариялық болды (яһудилер мен самариялықтар дос болмады). Самариялық жарақаттанған адамға жақындап, оған алғашқы көмек көрсетіп, оны есегіне мінгізіп, қонақүйге алып барды. Самариялық сол жерде түнеп, келесі күні қонақүй иесіне екі күміс тиын беріп, жарақаттанған адамға қамқорлық жасауын сұрады. <b>(Лұқа 10:33-35)</b></li> <li>• Иса әңгімесін аяқтағанда: «Бұл үшеуінің қайсысы маңайындағы адам болды?» - деп сұрады. Яһудилік ғұлама оған қайырымдылық көрсеткен адам екенін айтып жауап берді. Иса оның да солай істеуін айтты. <b>(Лұқа 10:36-37)</b></li> </ul> <p><b>Талқылаңыз:</b> Күнделікті кездесетін адамдарға мейірімділік танытудың қандай жолдарын білесіз? Адамдарға мейірімді болу кейде қиынға соға ма? Мәсіхшілер тек өзіне жақсылық жасағандарға ғана емес, барлық адамдарға мейірімді болу керек деп сенеді. <b>(Ефес. 4:32)</b></p> <p><b>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</b> <b>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Қайырымды самариялық</p>
<p align="center"><b>ҮЙРЕНУ</b></p>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. <b>Лұқа 10:27</b></p>
<p align="center"><b>ЕСТЕ САҚТАУ</b></p>	<p>Оқиғаны қайталау мақсатында оқушыларға келесі сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Иса айтқан әңгімелерді біз қалай атаймыз?</li> <li>• Жолаушы қай жаққа бара жатқан еді?</li> <li>• Оған не болды?</li> <li>• Оның қасынан қанша адам өтіп кетті?</li> <li>• Оған көмектесу үшін қай адам тоқтады?</li> <li>• Ол не істеді?</li> <li>• Ол қонақ үй иесіне қанша тиын берді?</li> <li>• Оқиғаның соңында Иса әлгі адамға не айтты?</li> </ul>

**В5 2-әңгіме**  
**Жоғалған қой**

	<p><b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Иса Өзінің жоғалған қойларын (адамдарын) іздеп тауып алып, үйге (Құдайға) аман-есен алып келетін Ізгі Бақташы сияқты екенін бізге Киелі кітап үйретеді.</li> </ul> <p><b>Негізгі аят: Жохан 10:11</b> <b>Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 15:1-7</b></p>
<b>ТАНЫСТЫРУ</b>	<p><b>Талқылау:</b> Сенің адасып қалған кездерің болды ма? Бұл оқиға қалай болған еді? Сол кезде қандай сезімде болдың? Сені кім тауып алды? Сені тауып алған кезде қандай сезімді бастан кештің?</p> <p>Бүгінгі әңгіме қойын жоғалтып алған бақташы жайында екенін балаларға түсіндіріңіз. Бақташы қойға қамқорлық жасау үшін не істеуі керек деп ойлайсыңдар? (жайылымға апару, қорғау, қамқорлау, т.б) Қойлар жайылып жүрген жерінен жиі ұзап кететіндіктен, жоғалатынын балаларға түсіндіріңіз.</p>
<b>ҮЙРЕТУ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бір күні салықшылар мен өзге де күнәкарлар Исаны тыңдау үшін жиналды. Иса осындай көпшілікке ұнамайтын адамдарды қуып жібермеді, керісінше, қабылдады, сонда парызшылдар мен дін мұғалімдері күңкілдеп, наразылық білдіре бастады. Олардың күңкілін естіген Иса бір әңгімені айтып береді <b>(Лұқа 15:1-3)</b> Исаның барлық адамдармен араласуға дайын болғанына назар аударыңыз.</li> <li>Ол жүз қойы бар бір бақташы туралы әңгімені айтып берді. Күндердің күні жүз қойдың біреуі жоғалып кетеді. Бақташы қалған қойларын қалдырып, жоғалған бір қойын іздеуге шығады. Бақташы оны тапқанша, тыныштық таппайды. <b>(Лұқа 15:4)</b> Адамдардың барлығы сол жоғалған қой сияқты екенін Киелі кітап айтатынын балаларға түсіндіріңіз. Иса - Ізгі Бағушы және Ол жоғалғандарды тауып, үйге алып келгісі келеді.</li> <li>Бақташы қойын тапқанда, қатты қуанды. Оны иығына салып алып, үйге алып келді. Жоғалған қойын тапқанына қуанып, барлық достары мен көршілерін шақырады. <b>(Лұқа 15:5-6)</b> Жоғалған қойын тапқанда, бақташының қатты қуанғанындай, мәсіхшілер де бір адам күнәсына өкініп, Исаға сенгенде, көкте үлкен қуаныштың болатынын біледі.</li> </ul> <p>Осы астарлы әңгімені балалармен бірге қойылым жасау арқылы оның үйрететін маңызды шындығына тереңірек назарларын аударыңыз.</p> <p><b>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</b> <b>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Жоғалған қой</p>
<b>ҮЙРЕНУ</b>	Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. <b>Жохан 10:11</b>
<b>ЕСТЕ САҚТАУ</b>	<p>Әңгімені қайталау үшін балаларға келесі сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Кейбір адамдар неге күңкілдеді?</li> <li>Бақташының қанша қойы болды?</li> <li>Оның қаншасы жоғалды?</li> <li>Бақташы не істеді?</li> <li>Ол қанша қойды иығына салып, үйге алып келді?</li> <li>Ол үйге келген соң не істеді?</li> <li>Кімдерді қойларға теңейді?</li> <li>Кімді бақташыға теңейді?</li> </ul>

**В5 3-әңгіме**  
**Адасқан ұл**

	<p><b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Басқалармен жақсы қарым-қатынас құру үшін, кешірім сұрай білу маңызды.</li> <li>• Мәсіхшілер Құдайдан кешірім сұрап, Оның кешіріміне ие болды.</li> </ul> <p><b>Негізгі аят: Лұқа 15:24</b> <b>Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 15:11-24</b></p>
<b>ТАНЫСТЫРУ</b>	<p>Кешірім туралы түсіндіру үшін, балаларға қарапайым қысқа әңгіме айтып беріңіз. Мысалы, Айдос пен Ержан бірге ойнап жүрді. Айдос Ержанның добымен ойнай бастап еді, Ержан ренжіп қалды. Ол Айдостан допты тартып алып, оны итеріп жіберді. Айдос жылап қалды.</p> <p>Талқылау: Айдос неге жылады? Ержан не істеуі керек деп ойлайсың? Айдос оны кешіруі тиіс пе?</p> <p>Киелі кітаптан алынған бүгінгі әңгіме кешірім туралы екенін түсіндіріңіз..</p>
<b>ҮЙРЕТУ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Иса тағы бір астарлы әңгімені айтып берді. Бір адамның екі ұлы болыпты. Бір күні кенжесі әкесіне келіп, өзінің тиісті ақшалай еншісін сұрайды, әкесі ақшаны береді. Әкесі мен ұлының қандай сезімде болғанын талқылаңыз. <b>(Лұқа 15:11-12)</b></li> <li>• Көп ұзамай ұлы жиналып, алыс елге жолға шығады. Ол сол жақта ақылсыз әрекеттер жасап, барлық ақшасын құртады. Сол кезде елде қатты ашаршылық басталады. Жас жігіттің ақшасы қалмады, оған көмек беретін де ешкім жоқ еді. Ол шошқа бағып, бір тұрғынның жалшысы болады. Оның қарны қатты ашқандықтан, шошқаларға берілетін қабықты да жеуді аңсайтын. <b>(Лұқа 15:13-16)</b></li> <li>• Талқылаңыз: Жігіт өзінде ештеңе қалмағанын түсінгенде, қандай сезімде болды? Ол не істеуі қажет еді деп ойлайсыңдар?</li> <li>• Бір күні ол әкесінің үйі туралы ойлай бастады. Ол, тіпті, әкесінің жалшыларының да тойынып тамақ ішетінін есіне алды. Енді үйіне, яғни, әкесіне, қайтадан оралып, одан кешірім өтініп, жалшыларының біріндей қабылдауды сұрауға бел буады. <b>(Лұқа 15:17-19)</b></li> <li>• Талқылаңыз: Осы ұл кешірім алуға лайықты ма? Әкесі оны кешіреді деп ойлайсыңдар ма?</li> <li>• Ол үйіне қайтпақ болып, жолға шығады. Ол әлі де алыста келе жатқанда, әкесі баласын көреді. Әкесі оның алдынан жүгіріп шығып, бетінен сүйеді. Ұлы әкесінен кешірім сұрай бастайды, бірақ әкесі оның сөзін бөліп жібереді. Ол қызметкерлеріне ең жақсы шапанды, жүзік пен кебісті әкелуін бұйырады. Ұлының қайтып келуіне орай үлкен той жасайды. <b>(Лұқа 15:20-24)</b></li> <li>• Талқылаңыз: Жігіт үйіне қайтып келгенде, қандай сезімде болды? Біз де дәл осы ұл сияқты теріс іс- әрекеттер жасадық, мұны мәсіхшілер білетінін балаларға түсіндіріңіз. Құдай осы әңгімедегі әкеге ұқсайды. Ол біздің Өзіне келіп, Одан кешірім сұрағанымызды қалайды.</li> <li>• Талқылау: Біреулерден кешірім сұрағаның алайда олардың сені тыңдамаған не кешірмеген кездері болды ма? Біз Құдайдан кешірім сұрағанда, Ол бізді ӨРДАЙЫМ естиді және кешіреді. Бұл жайында бізге Киелі кітап үйретеді.</li> </ul> <p><b>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</b> <b>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Адасқан ұл</p>
<b>ҮЙРЕНУ</b>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 15:24. Жігіттің әкесі баласымен болған жағдайдан еш хабарсыз болғанын түсіндіріңіз. Жігіттің әкесі үшін баласы өлгенмен бірдей болды. Ал қазір әкесінің қуанышы қойнына сыймады!</p>
<b>ЕСТЕ САҚТАУ</b>	<p>Әңгімеге шолу жасау үшін, балаларға мына сұрақтарды қойыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Әлгі адамның қанша ұлы болды?</li> <li>• Кенже ұлы әкесінен не сұрады?</li> <li>• Кенже ұл ақшасымен не істеді?</li> <li>• Ол қандай жұмысқа жалданды?</li> <li>• Содан кейін ол қандай шешімге келді?</li> <li>• Баласының үйге келе жатқанын көргенде, әкесі не істеді?</li> <li>• Әкесі ұлына не берді?</li> <li>• Осы әңгімедегі әке Кімді бейнелейді?</li> </ul>

**В5 4-әңгіме**  
**Тұқым себуші**

	<p><b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәсіхшілер Киелі кітаптың Құдайдың сөзі екеніне сенеді.</li> <li>• Мәсіхшілер құнарлы топыраққа ұқсайды және Киелі кітаптағы Құдайдың сөзіне сенеді.</li> </ul> <p><b>Негізгі аят: Марқа 4:20</b> <b>Киелі кітаптан үзінді: Марқа 4:1-20</b></p>
<b>ТАНЫСТЫРУ</b>	<p><b>Талқылау:</b></p> <p>Қандай да бір өсімдікті өсіріп көрдіңдер ме? Нені өсірдіңдер? Өсімдіктің өсуіне не қажет? Өсірген өсімдігің жақсы өсті ме әлде өліп қалды ма? Егер топ кішірек болса, әр түрлі өсімдіктердің дәнін көрсетуге болады. Бүгінгі әңгіме біраз дақылдар отырғызуға тырысқан диқан туралы екенін түсіндіріңіз.</p>
<b>ҮЙРЕТУ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Исаны тыңдау үшін жиналған халықтың көп болғаны сонша, Ол қайыққа мініп, көл бетінде отырып, жағалауда тұрған халыққа тәлім берді. Иса оларға тағы бір әңгімені айтып берді. <b>(Марқа 4:1-2)</b></li> <li>• Талқылаңыз: Исаның әңгімесін не себепті әрбір адам тыңдағысы келді? Сенің ойың қандай?</li> <li>• Бір диқан тұқым себуге шығыпты. Тұқымдар төрт түрлі топыраққа түсіпті. Дәндердің кейбіреулері жол бойына түсіп, оларды құстар шоқып, жеп, өсірмей қояды. Басқалары тастақ жерге түсіпті. Олар жақсы тамыр жая алмай, тез арада қурап қалыпты. Тағы басқа дәндер тікен арасына түсіп, тікендер оларды тұншықтырып, өсірмей тастайды. Өзге тұқымдар құнарлы топыраққа түсіпті. Олар қаулап өсіп, жақсы өнім беріпті. <b>(Марқа 4:3-9)</b> Осы әңгімедегі дәндер Құдайдың сөзін бейнелейтінін балаларға айтыңыз.</li> <li>• Талқылаңыз: Құдайдың сөзі не деп ойлайсындар? Құдайдың сөзі – Киелі кітап. Мәсіхшілер Құдайдың сөзін есту үшін, Киелі кітапты оқитындарын түсіндіріңіз.</li> <li>• Иса осы астарлы әңгімені түсіндіру үшін, сөзін ары қарай жалғастырды. Дәндердің жол бойына түсіп, оларды құстардың шоқып, жеп кетуі адамдар Құдайдың сөзін естігенмен, оларды шайтанның ұрлап кететінін бейнелейді. Дәндердің тастақ жерге түсуі адамдар Құдайдың сөзін естіп, Исаның соңынан еретіндерін айтқанымен, қиыншылық келгенде, ойларының тез өзгеретінін білдіреді. Тікендердің дәндерді өсірмеуі Құдайдың сөзін естігенмен, өздерінің ақшасы мен дүние-мүліктерін Исадан гөрі маңыздырақ деп ойлайтын адамдарды бейнелейді. Құнарлы топыраққа түскен дәндер Құдайдың сөзін естіп, оны қабылдап, сенімдері мықты сенушілер болып рухани өсетін адамдарды суреттейді. <b>(Марқа 4:13-20)</b> Мәсіхшілер құнарлы топырақ сияқты болып, Киелі кітаптағы Құдайдың сөзіне сенгісі келеді.</li> <li>• Талқылаңыз: Бірге оқыған астарлы әңгімелердің қайсысы сендерге ұнады? Бұл әңгіме несімен ұнайды? Сол әңгімеден қандай маңызды сабақты үйрендіңдер?</li> </ul> <p><b>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</b> <b>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Тұқым себуші. Балаларға бидайдың тұқымын немесе пісіп тұрған бидайдың сабағын көрсетуге болады. Бұл негізгі аятта айтылған өнімнің мөлшерін бейнелеуге көмектеседі.</p>
<b>ҮЙРЕНУ</b>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. <b>Марқа 4:20</b> Оқушыларға әр сөз тіркесін есте сақтауға көмектесу үшін, қимыл-әрекеттерді қолдануға болады, мысалы: себілді = шашу, есту = қолды құлаққа тосу, қабылдау = жүрекке нұсқау, өндіру = екі қолды біріктіріп жоғары қарай қозғалту. Сандарды ауаға жазуға болады.</p>
<b>ЕСТЕ САҚТАУ</b>	<p>Әңгімені қайталау мақсатында балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Халыққа тәлім берген кезде, Иса қайда болды?</li> <li>• Диқан не істеді?</li> <li>• Бірінші топырақ қандай болды?</li> <li>• Екінші топырақ қандай болды?</li> <li>• Үшінші топырақ қандай болды?</li> <li>• Төртінші топырақ қандай болды?</li> <li>• Дәндердің өсуі үшін қай топырақ ең тиімді болды?</li> <li>• Дәндер нені бейнелейді?</li> </ul>

**В6 1-әңгіме**  
**Жас түс көруші**

	<p><b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жүсіп өзінің болашағы туралы қызық түстер көрді.</li> <li>• Құдайдың Жүсіптің өміріне арналған жоспары болғандай, Оның біздің өміріміз үшін де жоспары бар екеніне мәсіхшілер сенеді.</li> </ul> <p><b>Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 37:8</b> <b>Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 37:1-11</b></p>
<b>ТАНЫСТЫРУ</b>	<p>Жүсіптің он бір бауыры болды. Балалардан өзінің аға-бауыры, қарындасы немесе әпкесіңділері, жалпы отбасы мүшелері туралы бөлісуін сұраңыз. Жүсіп сияқты үлкен отбасында дүниеге келу қандай болатынын талқылаңыз.</p>
<b>ҮЙРЕТУ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жүсіптің әкесі Жақып Қанахан жерінде тұрып жатты. Жүсіп 17 жаста болды. Ол ағаларына әкесінің қойларын бағуға көмектесетін. Бір күні ол ағаларының теріс іс-әрекеттерін көріп қойып, әкесіне айтып береді. <b>(Жаратылыстың басталуы 37:1-2)</b></li> <li>• Жақып (Исраил) Жүсіпті өзге ұлдарынан көбірек жақсы көрді. Себебі ол Жақыптың қартайған шағында дүниеге келген ұлы болатын. Ол Жүсіпке арнап түрлі-түсті шапан тіккізіп берді. Жүсіптің ағалары мұны көргенде, оған қызғанышпен қарай бастады. Олар Жүсіпті жек көрді! <b>(Жаратылыстың басталуы 37:3-4)</b> «Қызғаныш» сөзін балалармен бірге талқылаңыз. Қызғану деген нені білдіреді? Біреуге қызғаныш танытқан кездерің болды ма? Ағалары неліктен Жүсіпке қызғанышпен қарады? Қалай ойлайсың?</li> <li>• Жүсіп түс көрді. Ол түсінде ағаларымен бірге далада егін жинап, бау байлап жүр екен. Жүсіптің бауы тік тұра қалып, ағаларының бауы оған иіліп, тағзым етіпті.</li> <li>• Кейін Жүсіппен болатын жағдайға байланысты бұл түстің ерекше мағынасы болғанын балаларға түсіндіріңіз. Түстің мағынасы қандай болғанын балалардың өздері талқылауын өтініңіз. Оның көрген түстері мен айтқан сөздеріне бола ағалары Жүсіпті одан бетер жек көрді. <b>(Жаратылыстың басталуы 37:5-8)</b></li> <li>• Жүсіп мағынасы дәл осыған ұқсас тағы бір түс көрді. Бұл жолы ол күн мен айды және он бір жұлдыздың оған иіліп тағзым еткенін көрді. Оған, тіпті, әкесі де ашуланды. Ол: «Біз, ата-анаң, туған бауырларың алдыңа келіп, тағзым етпекпіз бе?» - деді. <b>(Жаратылыстың басталуы 37:9-10)</b></li> <li>• Ағалары Жүсіпке қызғанышпен қарады, бірақ әкесі оның айтқанын көңіліне түйіп алды. <b>(Жаратылыстың басталуы 37:11)</b> Бұдан әрі Жүсіппен не болатыны туралы балалармен сөйлесіп, ойларын біліңіз. (Жүсіптің түстері бір күні оның ағаларының үстінен билік жүргізетінін білдірді.) Құдайдың Жүсіптің өміріне әуел бастан арнайы жоспары болғанын балалардың есіне салыңыз. Мәсіхшілер де Құдайдың өз өміріне арнаған жоспары бар екеніне сенетінін айтып өтіңіз.</li> </ul> <p><b>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</b> <b>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Жас түс көруші</p>
<b>ҮЙРЕНУ</b>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. <b>Жаратылыстың басталуы 37:8</b> Ағалары Жүсіптің көрген түстерінің мағынасын түсінгенін балаларға айтыңыз. Сондықтан олар Жүсіпке қызғанышпен қарады және оны жек көрді.</p>
<b>ЕСТЕ САҚТАУ</b>	<p>Әңгімені қайталау мақсатында балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Осы әңгімеде Жүсіптің жасы нешеде болды?</li> <li>• Жақып Жүсіпке қандай сыйлық жасады?</li> <li>• Қызғаныш деген не?</li> <li>• Қызғану дұрыс па? Қалай ойлайсың?</li> <li>• Жүсіптің ағалары неліктен оған қызғанышпен қарады?</li> <li>• Жүсіп бірінші және екінші түсінде не көрді?</li> <li>• Жүсіптің түстерінің мағынасы қандай болды?</li> <li>• Жүсіптің өмірін әуел бастан Кім жоспарлады?</li> </ul> <p>Балама ретінде балалар Жүсіптің шапанының коллажын жасай алады.</p>

**В6 2-әңгіме**  
**Ағалары жек көрген бала**

	<p><b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ағалары Жүсіпті құлдыққа сатып жіберді.</li> <li>• Мәсіхшілер Құдайдың барлығын көріп тұратынына және барлық жағдайда әділдікпен әрекет ететініне сенеді.</li> </ul> <p><b>Негізгі аят: Руларды санау 32:23</b> <b>Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 37:12-36</b></p>
<b>ТАНЫСТЫРУ</b>	<p>Оқушылар Жүсіп сияқты үйде жұмыс істей ме? Өлде істемей ме? Сұрап, білген соң, алдыңғы әңгімені олардың есіне түсіріңіз. Жүсіптің ағалары оны неліктен жек көрді? Бүгінгі әңгімеде әкесі Жүсіпке алыста қой бағып жүрген ағаларынан хабар алып келуді тапсырды. <b>(Жарат. баст. 37:12-17)</b></p>
<b>ҮЙРЕТУ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ағалары Жүсіптің келе жатқанын көрді. Олардың Жүсіпті жек көргені соншалық, тіпті, оны өлтірмекші болды. Сонда оның түстері не болып шығады екен? Олар әкесіне: «Жүсіп жабайы аңға жем болды», - деп өтірік айтпақшы болды. <b>(Жарат. баст. 37:18-20)</b> Ағалары жасаған күнәларын жасыра алатынына сенімді болып, ол туралы ешкім ешқашан білмейді деп ойлағандарын айта кетіңіз. Мәсіхшілер жасаған теріс іс-әрекетіміздің барлығын Құдайдың білетініне сенеді.</li> <li>• Жүсіптің ең үлкен ағасы Рубен оларды тоқтатып, оның орнына Жүсіпті құдыққа тастауды ұсынды. Ол кейінірек келіп, оны құтқармақшы болды. <b>(Жарат. баст. 37:21-22)</b></li> <li>• Жүсіп жақындап келгенде, олар оның түрлі-түсті шапанын шешіп алып, өзін суы жоқ бос құдыққа тастай салды. <b>(Жарат. баст. 37:23-24)</b></li> <li>• Осыдан кейін көп ұзамай сол жерден бір адамдар өтті. Олар хош иісті заттарын сату үшін, Мысырға кетіп бара жатқан болатын. Ағаларының бірі Яһуда біраз ақша тапқысы келді. Ол Жүсіпті өлтірудің орнына оны сол адамдарға сатуды ұсынды. Олар Жүсіпті жиырма мысқал күміске сатып жіберді. Жүсіп құл болып, Мысырға айдалып кетті. <b>(Жарат. баст. 37:25-28)</b> Құл деген кім? Жүсіп қандай сезімде болды? Қалай ойлайсыңдар?</li> <li>• Ағалары істеген істерін жасыруға тырысты. Олар Жүсіптің түрлі-түсті шапанын алып, бір текенің қанына батырды. Оны әкесіне қайтарып апарып: «Бұл Жүсіптің шапаны емес пе?» - деп сұрады. Жақып шапанды таныды. Ол жыртқыш аң Жүсіпке шабуыл жасап, оны өлтірген екен деп ойлады. Жақып қатты қайғырып, жұбана алмады. <b>(Жарат. баст. 37:29-35)</b></li> <li>• Ал Жүсіп болса, Мысырда еді және ол тірі болатын. Оны Потифар есімді перғауынның уәзірі сатып алған еді. <b>(Жарат. баст. 37:36)</b></li> </ul> <p>Жүсіптің жағдайы қиын болып көрінгенмен, Құдай бәрін Өз бақылауында ұстап тұрғанын балалардың есіне салыңыз.</p> <p><b>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</b> <b>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Ағалары жек көрген бала.</p>
<b>ҮЙРЕНУ</b>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. <b>Руларды санау 32:23</b> Мәсіхшілер үшін күнә деген Құдайға қарсы теріс іс-әрекет жасауды білдіретінін түсіндіріңіз. Ол осы теріс іс-әрекеттердің бәрін көреді және олар жазалануы тиіс. Ал мәсіхшілер үшін Ізгі хабар – осы жазаны өтеу үшін Исаның айқышта өлуі. Сол себепті мәсіхшілер күнәларына кешірім алып, азаттықта өмір сүре алады.</p>
<b>ЕСТЕ САҚТАУ</b>	<p>Әңгімені қайталау мақсатында балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бүгінгі әңгіменің басында Жақып Жүсіпке қандай тапсырма берді?</li> <li>• Ағалары Жүсіпке не істемекші болды?</li> <li>• Ағаларының қайсысы Жүсіпті өлтірмеуді, керісінше, оны құдыққа тастауды айтты?</li> <li>• Жүсіпті қанша мысқал күміске сатты?</li> <li>• Ағалары күнәларын қалай жасырды?</li> <li>• Жақып Жүсіпті неменеге тап болды деп ойлады?</li> <li>• Құдай Жүсіппен не болғанын білді ме?</li> <li>• Құдайдың бұдан әрі Жүсіпке қандай жоспары болды? Қалай ойлайсыңдар?</li> </ul>

**В6 3-әңгіме**  
**Жақсы құл / Адал тұтқын**

	<p><b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жүсіп түрмеде болса да, шыншыл әрі еңбекқор болды.</li> <li>• Мәсіхшілер Құдайдың Жүсіпке жар болғанына сенеді. Құдай дәл солай оларды ешқашан жалғыз тастамайды және ұятқа қалдырмайды.</li> </ul> <p><b>Негізгі аяттар: Жаратылыстың басталуы 39:2, 21</b> <b>Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 39:1-6, 19-23</b></p>
<b>ТАНЫСТЫРУ</b>	<p>Балалардан отбасынан жырақта болған не болмаған кездерін сұраңыз. Егер болса, сол уақытта олар қандай сезімде болды екен? Жүсіптің не себепті отбасынан алыста болғанын және қалайша Потифардың құлы болуға сатылғанын қысқаша балалардың есіне түсіріңіз. Жүсіптің осындай жағдаймен бөтен елге келіп, құлдыққа сатылып, еріксіз жұмыс істеуге мәжбүр болғанда, қалай әрекет етуі мүмкін екенін талқылаңыз немесе зерттеңіз.</p>
<b>ҮЙРЕТУ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Саудагерлер Жүсіпті Мысырға алып келіп, Потифар есімді адамға сатып жіберді. Потифар перғауынның әскер басы болатын. Ол Жүсіптің шыншыл әрі еңбекқор екенін көрді. Ол Құдайдың Жүсіпке жар екеніне көз жеткізді. Ол өзінің сарайы мен мүлкін оның жауапкершілігіне тапсырды. <b>(Жарат. баст. 39:1-4)</b></li> <li>• Потифар Жүсіпке бәрін сеніп тапсырғаннан бері Құдай оның үйіне батасын қондырды. Бұл жайында бізге Киелі кітап баяндайды. Потифар еш нәрсені уайымдамай, тек күнделікті жейтін тамағының ғана қамын ойлады. <b>(Жарат. баст. 39:5-6)</b> Құдай Жүсіпке жар болып, оған қамқорлық көрсеткенін балалардың есіне түсіріңіз.</li> <li>• Бір күні Потифардың әйелі Жүсіпке істемеген ісі үшін жала жапты. Ол туралы Потифарға өтірік айтты. Потифар әйелінің сөзіне сенді. Ол қатты ашуланып, ешқандай жамандық істемеген Жүсіпті түрмеге жапқызды. <b>(Жарат. баст. 39:19-20)</b> Құдай Жүсіпті ұмытып кетті ме?</li> <li>• Құдайдың әлі де Жүсіпке жар болғанын және түрмеде болса да, оған қамқорлық көрсеткенін Киелі кітап айтады. Жүсіп шыншыл әрі еңбекқор болып қала берді. Түрме бастығы барлық тұтқындарды Жүсіптің қарамағына тапсырды. Жүсіп түрмеде не істесе де, Құдай оның істеген әрбір ісін оңынан келтіріп отырды. <b>(Жарат. баст. 39:21-23)</b></li> </ul> <p>Әңгіменің осы бөлігінен көрген Жүсіптің жақсы қасиеттеріне қорытынды жасаңыз. Ол Құдайдан бет бұрып кетсе болар еді, бірақ ол Құдайға ұнамды әрекеттер жасауын жалғастыра берді. Құдай Жүсіпті болашақта болатын жауапкершіліктерге дайындап жатты. Ол Жүсіпті ұмытқан жоқ және Оны ешқашан ұятқа қалдырмады.</p> <p><b>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</b> <b>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Жақсы құл / Адал тұтқын.</p>
<b>ҮЙРЕНУ</b>	<p>Негізгі аяттарды керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. <b>Жаратылыстың басталуы 39:2, 21.</b> Қиын-қыстау кезеңде де Құдай бізге жар болатынын балаларға түсіндіріңіз.</p>
<b>ЕСТЕ САҚТАУ</b>	<p>Әңгімені қайталау мақсатында балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Саудагерлер Жүсіпті қай елге алып кетті?</li> <li>• Жүсіпті кім сатып алды?</li> <li>• Потифар кім болды?</li> <li>• Потифар неліктен Жүсіпке бәрін сеніп тапсырды?</li> <li>• Жүсіп неліктен түрмеге түсіп қалды?</li> <li>• Жүсіп түрмеде отыруға лайықты болды ма?</li> <li>• Кім Жүсіпке жар болып, әрбір ісін оңынан келтіріп отырды?</li> <li>• Жүсіптің түрмеге түсуіне Құдай неліктен жол берді деп ойлайсындар?</li> </ul>

**В6 4-әңгіме**  
**Жаңа өмірші**

	<p><b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жүсіп Мысыр елінде перғауыннан кейінгі екінші басқарушыға айналды.</li> <li>• Құдай Жүсіпті осы ерекше қызметке дайындады.</li> </ul> <p><b>Негізгі аят: 1 Қорынттықтарға 10:13</b> <b>Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 41:14-49</b></p>
<b>ТАНЫСТЫРУ</b>	<p>Балалар бұрын-соңды түсініксіз түстер көріп, ояңған кездері болды ма? Сұрап, тыңдаңыз. Сонда олар қандай сезімде болды? Бүгінгі әңгімеде Мысыр елінің патшасы перғауын түсініксіз екі түс көрді. Ол осы түстердің мағынасын білгісі келді. Оған кім көмектесе алды екен?</p>
<b>ҮЙРЕТУ</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Перғауын түсініксіз түстер көрді. Ол осы түстердің нені білдіретінін түсінгісі келді. Бірінші түсінде ол Ніл өзенінен жеті семіз сиырдың шыққанын көрді. Содан кейін жеті арық сиыр шықты. Арық сиырлар семіз сиырларды жеп қойғанмен, арық күйлерінде қала берді. Содан кейін перғауын толық піскен жеті масақты және жеті сидиған арық масақты көрді. Сидиған арық масақтар толып піскен жеті масақты жұтып қойды. Перғауын балгерлерден мұның мағынасын сұрады, бірақ олардың ешқайсысы айта алмады. <b>(Жарат. баст. 41:1-8)</b></li> <li>• Перғауын Жүсіптің түс жори алатынын естіп, оны алдыртты. Жүсіп перғауынға түстің мағынасын түсінуге Құдайдың көмектесетінін айтты. <b>(Жарат. баст. 41:14-24)</b></li> <li>• Құдай Жүсіпке түстің не білдіретінін ашты. Жүсіп перғауынға түстердің мағынасын айтып берді. Жеті семіз сиыр мен жеті толық масақ жуырда жеті жыл молшылықты білдірді. Бәрінде жейтін ағыл-тегіл мол тамақ болмақ. Алайда жеті арық сиыр мен жеті сидиған арық масақ молшылықтан кейін келетін жеті жыл ашаршылықты білдірді. Ашаршылықтың ауыр болатынын соншалық, жеті жыл болған молшылықты бәрі ұмытып кететін болады. <b>(Жарат. баст. 41:25-32)</b></li> <li>• Жүсіп перғауынға аштық кезінде халыққа жейтін астықты, азық-түлікті молшылық жылдарында жинап, сақтайтын адамды тағайындауын ұсынды. Бұл ой перғауынның көңілінен шықты. Ол Құдайдың Жүсіпке жар екенін және оның данышпан адам екенін көрді. Ол Жүсіпті бүкіл Мысыр еліне басшы етіп тағайындады. Мысыр жерінде перғауынның тек Жүсіптен ғана жоғары болғаны таңғаларлық жағдай еді. <b>(Жарат. баст. 41:33-45)</b></li> <li>• Молшылық жылдарында Жүсіп бүкіл Мысыр елін аралап, ашаршылық жылдарына арнап азық жинады. Өрбір қалада азық қоры жасалып, сол жерде ашаршылық жылдарында жейтін тамақтар сақталды. Ашаршылық келген кезде халықтың жейтін азығы жеткілікті болды. <b>(Жарат. баст. 41:46-49)</b></li> </ul> <p>Жүсіптің осыған дейінгі өмірін балалардың есіне түсіріңіз. Бұл Құдайдың Жүсіпке арнаған жоспары екенін талқылаңыз. Құдай оған жар болды. Бұл Құдайдың Жүсіпті ешқашан тастап кетпегенін, оның өміріне дайындаған Өз мақсатын әрқашан орындағанын білдіреді. Ол Жүсіпті осындай маңызды рөлге дайындау үшін, оның өміріндегі барлық қиындықтарды пайдаланды. Құдай Жүсіпті ашаршылық кезінде көптеген адамдардың өмірін сақтап қалу үшін қолданды.</p> <p><b>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз.</b> <b>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Жаңа өмірші</b></p>
<b>ҮЙРЕНУ</b>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. <b>1 Қорынттықтарға 10:13:</b> «Құдай Өзінің уәдесіне берік». «Адал / берік» сөзінің мағынасына балалармен бірге шолу жасаңыз.</p>
<b>ЕСТЕ САҚТАУ</b>	<p>Әңгімені қайталау мақсатында балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Перғауын Жүсіпті неліктен алдыртты?</li> <li>• Бірінші көрген түсінде сиырлармен не болды?</li> <li>• Түстердің мағынасын түсіндіруге Жүсіпке Кім көмектесті?</li> <li>• Түстер нені білдірді?</li> <li>• Молшылық жылдарында Жүсіптің ерекше қызметі қандай болды?</li> <li>• Құдай Жүсіпке қалай адал болды?</li> </ul>

3-4-деңгейлер	B5 3-деңгей 1-сабақ. Жаратқан Иенің қызметкерлері Тақырып: Құдай дайындады	B5 4-деңгей 1-талдау. Алғашқы мәсіхшілер Тақырып: Степан
	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 1:7-9, 2:1-13</b>  <b>Негізгі аяттар: Жохан 14:16-17</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер қауымының алғашқы күндерінде Иса елшілерге маңайдағы елдерге және жердің шетіне дейін барып, Ізгі хабарды таратуларын тапсырды.</li> <li>2. Мәсіхшілер Киелі Рухтың өздеріне күш беретініне сенеді. Ол елшілерге көмектескендей, бізге де мәсіхші болып өмір сүруге көмектеседі.</li> </ol>	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 6:1-15; 7:54-60</b>  <b>Негізгі аят: Елшілердің істері 6:8</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Степан Құдайдың батыл куәгері болды.</li> <li>2. Нағыз мәсіхші өздері туралы басқалардың не айтатынына немесе не істейтініне қарамастан, Құдайдың куәгері болуды қалайды.</li> </ol>
<b>ТАНЫСТЫРУ</b>	<p>Иса көкке көтеріліп кеткеннен кейін және Елуінші күні Киелі Рух қонған кезде елшілердің қандай күйде болғанын балалардың көз алдына елестетіп көруін сұраңыз.  Елшілердің істері кітабында екі маңызды тақырып бар екенін түсіндіріңіз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер Исаның қазір көкте екеніне сенеді. Ал олар арқылы жер бетінде Киелі Рух жұмыс істейді.</li> <li>2. Елшілердің істері кітабы б.з.к. 60-67 жылдары жазылған. Оның ең басты тақырыбы – Исаның қайта тірілуі мен Оның көкке көтерілуі.</li> </ol>	<p>Құғындау дегеннің нені білдіретінін және бүгінгі күні оның қандай мысалдары бар екенін талқылаңыз. Алғашқы мәсіхшілердің заманында діни жетекшілердің үкіметке айтарлықтай ықпалы болғанын түсіндіріңіз. Үкіметтің заңы Құдайдың заңына қайшы келген күнге дейін мәсіхшілер оны құрметтеп, оған мойынсұнды.</p>
<b>ТОЛЫҚТЫРУ</b>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бұл кітаптағы негізгі аят <b>Елшілердің істері 1:8</b> және бүкіл кітап Ізгі хабардың географиялық таралуына қатысты осы аятқа негізделген. Иерусалимдегі куәгерлер – <b>1:7-тараулар</b> Яһудеядағы куәгерлер – <b>8:1-4-тарау</b> Самариядағы куәгерлер – <b>8:5-25-тарау</b> Дүниежүзіндегі куәгерлер – <b>8:26-тарау</b></li> <li>2. Елуінші күні (<b>2:1</b>) Киелі Рух мәсіхшілердің жүрегінде мәңгілік өмір сүру үшін келді. Біреу мәсіхші болған сәтте бүгін де Киелі Рухтың сол адамға қонатыны рас. <b>Елшілердің істері 2:4-аятта</b> олар да Киелі Рухқа кенелді. Мәсіхші Киелі кітап оқып, дұға етіп, Құдайға мойынсұнып өмір сүргенде, Киелі Рухқа кенеле береді.</li> <li>3. Мәсіхшілер Исаның айқышта өліп, қайта тірілгені және кешірім алып бергені туралы Ізгі хабарды бәріне тарату үшін Оның Киелі Рух арқылы күш-қуат беретініне сенеді. <b>Жохан 14:16</b>-негізгі аятта Киелі Рух Қамқоршы деп аталған, себебі Ол бүгін де сенушілерге көмектеседі, оларға бағыт-бағдар береді және қамқорлық көрсетеді.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>1-сабақты аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Құдай дайындады</b></p>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Степанның бойында мәсіхшілік өмірде анық көрінуі тиіс қасиеттер болды. Олар шыншылдық, Киелі Рухқа, сенім мен күш-қуатқа толы болу, даналық, Исаға қызмет ету. (<b>Елш. іст. 6:3, 5, 8-аяттарды</b> қараңыз)</li> <li>2. Иерусалимде немесе соған жақын жерлерде мәжілісханалары болған яһудилердің қауымы Степанның қызметіне қарсы шықты. Алайда, Степан жоғарғы кеңес алдына келгенде, олар Степанға тағылған жалған айыптарды естіді және Степанның бет-жүзінен Исаның ұлылығын көрді. (<b>Елш. іст. 6:15</b>)</li> <li>3. Степан өзін шеберлікпен қорғай білді, (<b>Елш. іст. 7:1-53</b>) <b>оларды</b> яһуди жетекшілеріне аяусыз шабуыл жасағаны және Киелі Рухқа қарсылық танытып, ақыр соңында Исаны айқышқа шегелетіп, өлтіргендері үшін айыптады.</li> <li>4. Степан өз өміріне қауіп төніп тұрғанын білсе керек. Бірақ ол Иса Иесіне сатқындық жасағаннан гөрі өлуді таңдады. Ол «көктің ашылғанын» көріп тұрғанын айтқан сәтте (<b>Елш. іст. 7:56</b>) жиналған халық оны қаланың сыртына сүйреп шығарып, таспен атқылап өлтірді.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>1-талдауды аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Степан</b></p>
<b>ҚАЙТАЛУ</b>	<p>Елшілердің істері кітабын жазушы (дәрігер Лұқа болуы мүмкін) өз сөзін "Исаның қызметіне кіріскен уақытынан бастап", - деп бастайды. (Елш. іст. 1:1)  Елшілердің істері 28:31-аяттан Пауылдың Ізгі хабарды әлі де уағыздап жүргенін оқимыз. Бұл қызмет бүгінгі күнде де жалғасып жатыр.  Мәсіхшілер Исаның екінші рет қайтып келуіне дейін оның тоқтамайтынына сенеді.</p>	<p>Мына аяттардың осы сабақты қалай қорытындылайтынын талқылаңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <b>2 Тимоте 2:3</b> – «Иса Мәсіхтің «адал сарбазы» ретінде азаптарды бірге көр».</li> <li>2. <b>1 Петір 4:14</b> – «Мәсіхтің атына бола қорлық көрсеңдер.....»</li> </ol>
<b>ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ</b>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер Киелі Рухқа кенелуді көздеу керек. <b>Ефестіктерге 5:18-аятты</b> талқылаңыз.</li> <li>2. Мәсіхші Киелі кітапты оқып, дұға еткенде Құдайдың жетелеуін сезінетін болады. Олар мұны қалай білетін болады?</li> </ol>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Степан Исаның өліп, қайта тірілгеніне сенгені үшін азапталып өлтірілгені сияқты бүгінгі таңда да көптеген мәсіхшілер дәл сондай сенімдері үшін қуғындалып, тіпті, өлтіріліп жатыр. Егер мүмкін болса, осыған байланысты ізденіс жұмыстарын жасауға болады.</li> <li>2. Мәсіхшілердің өміріне қауіп төнгенде, олар Құдайға қалай сенімді ері адал болып қала алады?</li> </ol>

3 - 4-деңгейлер	B5 3-деңгей 2-сабақ. Жаратқан Иенің қызметшілері Тақырып: Өлуге дайын болу	B5 4-деңгей 2-талдау. Алғашқы мәсіхшілер Тақырып: Філіп
	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 6:1-5, 8-15, 7:54-60</b>  <b>Негізгі аят: Матай 5:44</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Степан ұлы кереметтер жасамас бұрын (<b>Елш. іст. 6:8</b>), Құдайға арнаған қызметін дастарқан басында қызмет етуден бастады. (<b>Елш. іст. 6:2</b>). Ол үлкен қызметке тағайындалмай тұрып, кішкентай тапсырмаларды адалдықпен орындады.</li> <li>2. Інжілдің Ізгі хабарын қорғау үшін Степан өз өмірінен бас тартуға дайын болды.</li> </ol>	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 6:5, 8:4-17, 8:26-40</b>  <b>Негізгі аят: Елшілердің істері 8:35</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Філіп бір адамға уағыз айту үшін, Газаға бару мақсатында Самарияға рухани ояну алып келуге дайын болған керемет уағыздаушы болды.</li> <li>2. Эфиопиялық адам Исаның Құтқарушы екеніне көзі жеткен сәтте Оның су рәсімінен өту туралы бұйрығын орындауға құлшына кірісті және ол қуанышқа кенеліп, үйіне қайтты.</li> </ol>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Мәсіхшілердің қуғындалуы жайында әңгімелесіңіз және қазіргі уақыттағы сондай жағдайлардан мысалдар келтіріңіз.</p> <p>Алғашқы мәсіхшілер Ізгі хабарды таратқан сайын, сол замандағы үкімет пен дін басшылары оларға қарсы шыққанын балаларға түсіндіріңіз. Олар өз билеушілерін құрметтеп, оларға бағынғанмен, Құдайдың заңдарына қайшы келетін адамдық заңдарға бағынбауға, тіпті, сол үшін өлуге дайын болды.</p>	<p>Філіп <b>Елшілердің істері 6:5-аятында</b> қауымның ісін жүргізу үшін таңдалған жеті ер адамның бірі болатын. Ол кейінірек уағыздаушы болып, Самарияда Ізгі хабарды алып келген болатын. Самарияда рухани ояныш болып жатқан кезде Құдай оған Эфиопиядан келген мұқтаж әрі бейтаныс адаммен кездесу үшін, Газа деген шөлейт елге баруын тапсырды. Бұл эфиопиялық адамды сенімге келтіруге және оны шомылдыру рәсімінен өткізуге Філіпті пайдалану мақсатында болған еді. Осы тапсырма орындалғанда, Філіп сол жерден керемет жолмен ғайып болып, басқа жерлерде Ізгі хабарды уағыздауын қайтадан бастады.</p>
ТОЛЫҚТЫРУ	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Степан Киелі Рух пен даналыққа бөленген (<b>Елш. іст. 6:3</b>), Құдайдың рақымы мен құдіретіне кенелген (<b>Елш. іст. 6:8</b>) және Құдайдың ісін белсенді атқарған (<b>Елш. іст. 6:8</b>) адам ретінде сипатталады.</li> <li>2. Яһуди жетекшілері оған жала жауып, тұтқындағанда, ол яһуди халқының Исадан бас тартып қана қоймай, Құдайдың «әділ Қызметшісін» ақырында айқышқа шегелетіп, өлтіртіп, қылмыс жасағандарын айыптаушыларының есіне салды. (<b>Елш. іст. 7:52</b>)</li> <li>3. Өзін тас лақтырып, өлтіріп жатқан ашулы халыққа қарамастан, Степан айқышқа ілінген Иса сияқты өз рухын Иса Иесіне тапсырды. (<b>Елш. іст. 7:59</b>) Ол өзін өлтірушілер үшін сиынып, «ұйықтап қалды». (<b>Елш. іст. 7:60</b>) «Ұйықтап қалды» дегеніміз Исаның екінші рет қайтып келуіне дейін Степанның денесі ұйықтап қалды дегенді білдіреді.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>2-сабақты аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз</b> Өлуге дайын болу</p>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Філіп Құдайдың бару туралы тапсырмасына мойынсұнып, эфиопиялыққа Ізгі хабарды айтып берді.</li> <li>2. Эфиопиялық адам Құдайға тағзым ету үшін Африкадан Иерусалимге келген еді, бірақ ол Ізгі хабарды толық түсінбей, қайтып кеткен болатын. Ол өз сұрақтарына жауап табу үшін, Киелі жазбаларды оқыды.</li> <li>3. Құдайдың жетелеуімен Філіп дәл сол уақытта келіп, оған <b>Ишая 53-тарауды</b> түсіндіріп берді. Ол осы тараудың барлығы Исаның өмірі мен өлімі туралы екенін көрсетіп берді.</li> <li>4. Эфиопиялық Исаға сеніп, бірден шомылдыру рәсімінен өтіп, зор қуанышпен үйіне қайтты.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>2-талдауды аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Філіп</p>
ҚАЙТАЛАУ	<p>Негізгі аяттың осы сабақты қалай қорытындылайтынын балалардың есіне салыңыз. Иса да, Степан да өзін өлтіріп жатқандар үшін сиынғанына ерекше назар аударыңыз (<b>Луқа 23:34 және Елш. іст. 7:60</b>) және екеуі де рухтарын Құдайға тапсырғанын (<b>Луқа 23:46 және Елш. іст. 7:60</b>) айтыңыз.</p>	<p>Бұл сабақты <b>Ишая 53-тараумен</b> байланыстырыңыз. Осы тараудың б.з.д. 740-680 жылдар аралығында жазылғанын және Ишаяның алдын ала Иса Мәсіхтің өлімі, жерленуі, қайта тірілуі мен мәртебесінің артуы туралы дәлме-дәл пайғамбарлық сөздер айтып кеткеніне балалардың назарын аударыңыз.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер нәліктен кішкентай істі адалдықпен атқаруы керек?</li> <li>2. Үкіметтің шығарған заңының Киелі кітаптың сөздеріне қайшы келетінін немесе келмейтінін не себепті тексеру керек?</li> </ol>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер қандай тәсілдермен Құдайға куәгер бола алады?</li> <li>2. Құдай белгілі бір тапсырманы орындауды сұрағанда, сен кідіресің бе? Күмәнданасың ба? Әлде бірден мойынсұнасың ба?</li> </ol>

3 - 4-деңгейлер	B5 3-деңгей 3-сабақ. Жаратқан Иенің қызметшілері Тақырып: Тыңдауға дайын болу	B5 4-деңгей 3-талдау. Алғашқы мәсіхшілер Тақырып: Корнел
	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 8:5, 26-40</b>  <b>Негізгі аят: Елшілердің істері 16:31</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Філіп еш сұрақ қоймай, Құдайдың айтқанына бірден мойынсұнды. Мұның нәтижесінде Құдай оны эфиопиялық адамға Ізгі хабарды түсіндіріп беру үшін қолданды.</li> <li>2. Эфиопиялық Исаға сенгені үшін, үлкен қуанышқа кенеліп, суға шомылдыру рәсімінен өтуді өтінді.</li> </ol>	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 10:1-8, 23-48</b>  <b>Негізгі аят: Елшілердің істері 10:43</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ізгі хабар яһуди немесе басқа ұлт адамы болсын, барлығына ортақ.</li> <li>2. Корнел мен оның үй іші Исаның жолын қуған кейбір алғашқы басқа ұлт адамдарының бірі болды.</li> </ol>
<b>ТАНЫСТЫРУ</b>	<p>Кейде мәсіхшілер өздері күткеннен мүлде басқа істі істеуге Құдайдың шақырып тұрғанын сезінуі мүмкін екенін түсіндіріңіз. Філіптің жағдайында ол Құдай үшін Самарияда ұлы істер жасалынып жатқанын көрді. Көптеген адамдар Исаға сеніп жатты. Алайда Құдай оған сол жақтан кетіп, Газа деген шөлейт аймаққа баруын тапсырды. Ол бір эфиопиялық адамға рухани көмек беруі қажет еді.</p>	<p>Яһудилер мен басқа ұлт адамдарының арасындағы қарым-қатынасты және әдетте яһудилік адам басқа ұлт адамдарымен онша араласпайтынын, тіпті, олардың үйіне кірмейтінін қарапайым түрде түсіндіріп өтіңіз. Корнел Кесария қаласында тұратын. Ол римдік әскердің басшысы (басқа ұлт адамы), жүзбасы әрі әскери мәнсабы бойынша көрнекті кісі болатын. Ол әділ өмір сүріп, Құдайға сиынғанмен, Исаны білмеді..</p>
<b>ТОЛЫҚТЫРУ</b>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Філіп эфиопиялыққа жолыққанда, ол <b>Ишая 53:7-8</b>-аяттарды оқып отырған еді. Філіптің онымен Исаның өмірі мен өлімі жайында әңгімелесуіне мүмкіндік туды.</li> <li>2. Філіп эфиопиялық адамға Ишая пайғамбардың кітабындағы бұл аяттардың Исаның айқыш ағаштағы құрбандық өлімі туралы баяндайтынын түсіндірді. Сол сәтте әлгі адам Исаны өзінің Құтқарушысы ретінде қабылдауы керек екенін түсінді.</li> <li>3. Філіп суға шомылдыру рәсімінің маңыздылығын эфиопиялыққа түсіндірді. Олар суға жақындағанда, Філіп оны шомылдыру рәсімінен өткізді. Эфиопиялық адаммен бірге келе жатқан қызметкерлері оның суға шомылдыру рәсімінен өткенінің және оның жаңадан тапқан қуанышының куәгерлері болды.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>3-сабақты аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз</b> Тыңдауға дайын болу</p>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бір күні түс қайта сағат үш шамасында Құдайдың бір періштесі Корнелге аян беріп, біреулерді Иоппеге жіберіп, Петірді шақыртуын айтты.</li> <li>2. Петір Корнелдің үйіне келгенде, оның уағызын есту үшін басқа адамдар да жиналыпты.</li> <li>3. Петір оларға Құдайдың адамның бет-жүзіне қарамайтынын, құтқарылу яһудилерге де, басқа ұлт өкілдеріне де тиесілі екенін айтты.</li> <li>4. Сонда отырған адамдарға Петір Иса Мәсіхтің өмірі, өлімі мен қайта тірілуі туралы уағыздады. Петір олар Исаға сенсе, күнәларына кешірім алатынын айтып, сөзін аяқтады.</li> <li>5. Әлгі кісілер Исаға сенім артып, шомылдыру рәсімінен өткен алғашқы басқа ұлт өкілдерінің қатарына кірді.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>3-талдауды аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Корнел</p>
<b>ҚАЙТАЛУ</b>	<p>Осы сабақта <b>Ишая 53-тараумен</b> байланыстырыңыз және <b>7, 8-аяттарды</b> талқылаңыз. Қырқылып жатқанда үні шықпайтын қой секілді Иса айқыш ағаштағы азапты өлімге шыдады. Мәсіхшілер Оның әділетсіз сотталғанын, бірақ біздің күнәларымыз үшін айқышта шегеленіп, өмірін қиюға дайын болғанына сенеді.</p>	<p>Яһудиліктің өзге ұлт адамының үйіне кіру туралы Петірдің көзқарасын қарастырыңыз. <b>Елшілердің істері 10:9-17-аяттарға</b> қарап, Петірдің не істеуі тиіс екеніне қандай нұсқау берілді? Басқа ұлт адамдарына Ізгі хабарды жеткізу туралы оның ойы қандай болуы керек? Аяттардан табыңыз.</p>
<b>ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ</b>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер үшін (Філіп сияқты) Құдайдың нұсқауына мойынсұнудың нәтижесінде (эфиопиялық сияқты) басқалардың өмірі өзгереді.</li> <li>2. Мәсіхшілер әркімнің Исаға деген жеке сенімі суға шомылдыру рәсімімен дәлелденуі керек екеніне сенеді. Суға шомылдыру рәсімінің әр түрлі жолдарын қарастырыңыз.</li> </ol>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер нәсілге, мәдениетке немесе дінге қарамастан, күнәға кешірім алу бәріне қолжетімді деп санайды. Бұл мәсіхшілердің басқаларға қатысты іс-әрекетіне қалай әсер ету керек?</li> <li>2. Мәсіхшілер әркімнің Құдайды жеке танып білуі маңызды екеніне сенеді. Нәліктен?</li> </ol>

3 - 4-деңгейлер	B5 3-деңгей 4-сабақ. Жаратқан Иенің қызметшілері Тақырып: Баруға дайын болу	B5 4-деңгей 4-талдау. Алғашқы мәсіхшілер Тақырып: Барнаба
	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 10:1-20, 24-29, 33-43</b>  <b>Негізгі аят: Елшілердің істері 10:43</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Корнел жақсы адам болғанымен, оған мәсіхшілік туралы айтатын біреудің болуы керек еді.</li> <li>2. Петір көрген аянының арқасында Ізгі хабардың тек яһудилерге ғана емес, барлық ұлттарға арналғанын білді.</li> </ol>	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 4:32-37, 9:26-31, 11:19-30</b>  <b>Негізгі аят: Елшілердің істері 11:24</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қайырымдылық бізді мәсіхші етпейді.</li> <li>2. Мәсіхші қайырымдылық істеуге ұмтылады, өйткені бұл - мәсіхшілік өмірдегі Киелі Рухтың беретін жемістерінің бірі. (<b>Ғалат. 5:22</b>)</li> </ol>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Бұл сабақ жағалаудағы Кесария қаласында өтеді. Корнел сол жерде Римнің әскери офицері болған және жүзбасы ретінде жүз сарбазға басшылық еткен. Ол италиялық полктердің біріне тиесілі еді және Құдайды іздеген адам болатын. Корнел басқа ұлт өкілі еді. Осы уақытқа дейін Петір Ізгі хабарды тек өз халқына, яһудилерге ғана уағыздап келген болатын.</p>	<p>Біз Барнабамен алғаш рет <b>Елшілердің істері 4:36-аятта</b> танысамыз. Оның есімінің мағынасы «Жігерлендіруші» дегенді білдірді. Ол Кипр аралынан келген болатын. Киелі кітапта оның өз жерін сатып, ақшасын елшілерге әкеліп бергені туралы айтылған. Ол өз есіміне лайықты өмір сүрді, өйткені оның жомарттығы елшілер үшін үлкен жігер болды..</p>
ТОЛЫҚТЫРУ	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Періште Корнелге аян беріп, Кесарияның оңтүстігінде орналасқан Иопле қаласынан Шимон Петірді шақыртуға адамдар жіберуді айтты.</li> <li>2. Келесі күні Шимон Петір мінәжат ету үшін, үйінің төбесіне көтерілген кезде аян көрді. Құдай Ізгі хабардың тек яһудилерге ғана емес, сондай-ақ басқа ұлттарға да арналғанын Петірге ашып көрсетті.</li> <li>3. Петір Корнелдің үйіне келгенде, ол бұған дейін Құдайдың рақымы тек қана исраил халқына, яғни, яһудилерге ғана арналған деп сеніп келгенін мойындады. Алайда енді ол Құдайдың адамдарды алапаймайтынын түсінді. (<b>Елш. іст. 10:34</b>)</li> <li>4. Петір жиналғандарға Ізгі хабарды уағыздап, құтқарылудың «сенуші әркімге» (<b>Елш. іст. 10:43</b>) арналғанын ерекше атап өтті. Хабарды естігендердің барлығы Киелі Рухқа кенелді. Петір олардың суға шомылдыру рәсімінен өтулерін бұйырды, бұл басқа ұлт өкілдерінің қауымға қабылдануының бастамасы болды.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>4-сабақты аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз</b> Баруға дайын болу</p>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Барнаба Құдайдың адал қызметшісі болған. Ол өзінің уақыты мен мүлкін басқаларға көмектесуге жұмсады. Оның басты тілегі адамдардың Исаны танып-білуі еді және ол өмірлік ең қажетті мұқтаждықтары бар жандарға жәрдемдесуді қалады. Соның нәтижесінде ол «жақсы адам» деп аталды. (<b>Елш. іст. 11:24</b>)</li> <li>2. Барнаба Пауылға қамқорлық көрсетті. (<b>Елш. іст. 9:27</b>) Иерусалимдегі мәсіхшілер Пауылды қабылдаудан қорыққанда, оны қорғап, сөйлеген осы Барнаба болатын.</li> <li>3. Иерусалимдегі қауым Барнабаны Антақиядағы жаңа қауымды жігерлендіру мақсатында сол жаққа жіберді. Ол Антақияда болған кезде көптеген адамдар Исаға сенді. Ол Антақиядағы мәсіхшілерге «Иемізге шын жүректен адал болуға» жігер берді. (<b>Елш. іст. 11:23</b>) Бұл жаңадан мәсіхші болғандарға айтылған дана сөздер болатын.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>4-талдауды аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Барнаба</p>
ҚАЙТАЛАУ	<p>Негізгі аятты үйреніп, оның бүгінгі сабақты қалай қорытындылайтынын талқылаңыз. Сондай-ақ, оны <b>Жохан 3:15-16-аяттардағы «сенуші әркім»</b> деген сөздермен салыстырыңыз.</p>	<p>Қайталау сұрақтарын қою арқылы әңгімеге шолу жасаңыз. Мысалы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Барнаба басқаларға қалай көмектескісі келді?</li> <li>2. Барнаба Пауылға қалай көмектесті?</li> </ol> <p>Мәсіхшілердің Исаға жаңадан сенген адамдарға жігер беруі қаншалықты маңызды?</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер Ізгі хабарды басқа ұлт адамдарымен қалай бөлісуі қажет?</li> <li>2. <b>Елшілердің істері 10:34-аятты</b> өз сөзіңмен түсіндір.</li> </ol>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер өз өмірлерінде қайырымдылықты (игі істерді) қалай көрсете алады?</li> <li>2. Мәсіхшінің «Иемізге шын жүректен адал болуы» дегені нені білдіреді?</li> </ol>

3 - 4-деңгейлер	B6 3-деңгей 1-тақырып. Жүсіптің өмірі Тақырып: Жас түс көруші	B6 4-деңгей 1-талдау. Жақып пен оның отбасы Тақырып: Харанда
	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 37:1-11</b>  <b>Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 37:8</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Жүсіп он жеті жасқа келгенде, Құдай оған түстер арқылы тіл қатып, оның өміріне қатысты Өзінің жоспары бар екенін ашты</li> <li>Мәсіхшілер Құдайдың қызғаншақтық дегенді ұнатпайтынына және оның басқа да жойқын әрекеттерге әкеп соқтыруы мүмкін екеніне сенеді.</li> </ol>	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 29:1-30</b>  <b>Негізгі аят: Ғалаттықтарға 6:7</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Мәсіхшілер Құдайдың барлық нәрсені толық бақылауында ұстайтынына және Оның уақыты мінсіз екеніне сенеді.</li> <li>Мәсіхшілер үшін күнәмен өмір сүру / теріс іс-әрекеттер жасау жағымсыз салдарға әкеп соқтырады. («Не ексең, соны орасың.»)</li> </ol>
<p><b>ТАНЫСТЫРУ</b></p>	<p>Жүсіп Жақыптың ұлдарының бірі болатын, ал анасының есімі Рахила еді. Ол қойларды бағумен айналысты. Оның Бунамин деген інісі болды. Осы інісін дүниеге әкелгенде, Жүсіптің анасы Рахила қайтыс болды.</p>	<p>Жақыптың арғы аталарын балалардың есіне түсіріңіз. Жақып Ысқақ пен Рабиғаның ұлы болатын, Есау оның ағасы еді. Ол Бер-Шебада өмір сүрді. Жақып Есауды алдап, тұңғыштық жолын ұрлап алғаны үшін ағасы оны өлтірмек болғанда, Месопотамиядағы Харанға қашып кеткен еді.</p> <p>Жақып Бер-Шебадан кеткен кезде 77 жаста болатын. Ол нағашы ағасы Лабанға 20 жыл бойы қызмет еткеннен кейін Қанаханға қайтып келіп, 33 жыл тұрып, өмірінің соңғы 7 жылын Мысырда өткізді. Бер-Шебадан Харанға дейін 805 шақырымдай болды.</p>
<p><b>ТОЛЫҚТЫРУ</b></p>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Жүсіп бауырларының жаман іс-әрекеттерін әкесі Жақыпқа жеткізетіні үшін, олар оны жек көретін. Сонымен қатар, Жақып Жүсіпті Рахиланың ұлы болғандықтан және өзінің қартайған шағында туғандықтан, оны басқа ұлдарынан гөрі жақсы көретін.</li> <li>Түрлі-түсті шапан (<b>37:3</b>) жеңі бар ұзын шапан болуы мүмкін. Ол Жақыптың Жүсіпке деген ерекше сүйіспеншілігін айқын көрсетті. Алайда бұл оның бауырларының жүрегінде іштарлық, жеккөрініш пен күншілдік сезімдерін оятты.</li> <li>Жүсіптің көрген бірінші түсінде он бір баудың он екіншісіне иіліп, тағзым етуі бір күні оның бауырларының оған иіліп, тағзым ететіні жайында пайғамбарлық түс болатын. Сондай-ақ екінші түсі де бір күні бауырларымен бірге Жақыптың (күннің) және оның өгей шешесі Лияның (айдың) иіліп, тағзым ететіні туралы пайғамбарлық түс еді.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>2-сабақты аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз</b> Жас түс көруші</p>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Құдайдың уақыты мінсіз еді. Рахила малшылармен және олардың отарларымен келе жатқан құдыққа Жақып та келе қалды.</li> <li>Жақып Рахилаға үйленгісі келді, бірақ Лабан оны алдап, алдымен оның үлкен әпкесі Лияға үйлендірді. Ол Рахилаға үйлену үшін, Лабанға тағы жеті жыл қызмет етуі тиіс болды. Одан кейін ол тағы да жеті жыл қызмет етті.</li> <li>Жақыптың өзі бір кезде алдаудың дәнін сепкен еді, енді соның жемісін орып жатыр!</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>2-талдауды аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Харанда</p>
<p><b>ҚАЙТАЛАУ</b></p>	<p>Әңгімені қорытындылау сұрақтарымен қайталаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Неліктен Жүсіптің бауырлары оған қызғанышпен қарады?</li> <li>Жақыптың Жүсіпке жасаған іс-әрекеті даналыққа жатты ма?</li> </ul> <p>Жүсіптің түстері нені білдірді?</p>	<p>Жақыптың Бер-Шебадан (Батыс жағалау) Евфрат өзенінің бойындағы Харанға (қазіргі Сирия аумағы) жасаған сапарын балалардың көз алдына елестетуі үшін картаны пайдаланыңыз.</p> <p>Сіз балалардың назарын бүгінгі таңдағы Таяу Шығыстағы (Сирия, Иордания және Ирак сияқты жерлердегі) қақтығыстарға немесе Ресей мен Украина арасындағы соғысқа аударғыңыз келуі мүмкін. Жер, билік, мұнай және құнды активтер үшін талас-тартыстың Киелі кітап заманындағыдай бүгінгі күні де өте өзекті екенін атап өтіңіз.</p>
<p><b>ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ</b></p>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Мәсіхшілер Құдайдың әркімге қатысты жоспары бар екеніне сенеді. Оны Киелі кітапты оқу арқылы білуге болады. Бұл мәсіхшілердің күн тәртібіне қалай әсер етуі тиіс?</li> <li>Неліктен мәсіхшілер қызғаншақтықтан арылуға тырысуы керек?</li> </ol>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Мәсіхшілер қандай игі нәрселерді еуге тырысуы керек екеніне мысалдар келтіру.</li> <li>Мәсіхшілердің Құдайдың көшіріміне күнделікті сүйенуі не үшін маңызды? (<b>1 Жохан 1:9</b>)</li> </ol>

3 - 4-деңгейлер	B6 3-деңгей 2-сабақ. Жүсіптің өмірі Тақырып: Ағалары жек көрген бала	B6 4-деңгей 2-талдау. Жақып пен оның отбасы Тақырып: Пенуелде
	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 37:12-36</b>  <b>Негізгі аят: Римдіктерге 6:12</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер күнәнің кішкентай нәрседен басталатынына және оның ары қарай өсуіне жол бермеу үшін, Исадан кешірім сұрау керек екеніне сенеді.</li> <li>2. Мәсіхшілер Құдайдың алдында күнәларын мойындағанда, сол күнәға қатысты кінәлі сезімнен арылатынына сенеді.</li> </ol>	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 32:1-32</b>  <b>Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 32:11</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жақып Құдайдың қорғауына зәру екенін терең сезініп, Оған жалбарынып дұға етті</li> <li>2. Жақыптың есімі «адамшы» деген мағынаны білдіретін. Ол өзінің Құдайға тәуелді екенін түсінгеннен кейін, Құдай оның есімін «Құдайдың ханзадасы» деген мағынаны беретін Исраил деп өзгертті.</li> </ol>
<b>ТАНЫСТЫРУ</b>	<p>Осы уақытқа дейінгі Жүсіп туралы әңгімені қайталап шығыңыз және адамдарға Жақыптың отбасындағы шиеленістер мен олардың себептерін балалардың есіне түсіріңіз.</p> <p><b>Жаратылыстың басталуы 27-тарауда</b> Жақып ешкінің терісін жамылып, әкесі Ысқақты алдап, Есаудан бұрын батаны алып қойды. Бүгінгі сабақта Жақыптың ұлдары оны ешкінің қанымен алдады. Жақыпты өз ұлдары алдап кеткенде, оның осы жағдайды есіне алғанын пайымдауға толық негіз бар. Алдаудан келетін жан жарасын Жақып өз өмірінде тағы бір рет сезінді!</p>	<p>Балалардың маңызды адамдармен болған кездесулері туралы талқылаңыз. Осы сабақта біз Құдаймен кездесу және бұл кездесудің Жақыпқа қалай әсер еткені туралы ойланатынымызды түсіндіріңіз.</p> <p>Жақыппен күрескен Адам (<b>24-аят</b>) Жаратқан Иенің Өзі еді. <b>Ошия 12:4-аятты</b> оқыңыз. Сондай-ақ Жаратқан Иенің Мұсаға жанып тұрған бұтаның ішінен көрінгеніне, (<b>Мыс.шығ.3:1-22</b>) таяғы жыланға айналғанда және қолын қойнына салғанда, алапеске айналған екі оқиғада (<b>Мыс.шығ.4:1-17</b>) көрінгеніне, Ишяға белгілі бір өтінішпен көрінуі және Ишяның оған берген жауабына, (<b>Ишя 6</b>) Саулға (Пауылға) Дамаск жолында (<b>Елш.іст. 9:1-19</b>) көрінгеніне сілтеме жасаңыз. Осы адамдардың бәрінде Құдаймен маңызды кездесу болғандарын және нәтижесінде есте қалатындай естеліктер қалғанын айтып өтіңіз.</p>
<b>ТОЛЫҚТЫРУ</b>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүсіптің бауырларының оны жек көргені соншалық, терең құдыққа тастауға дайын болды.</li> <li>2. Жүсіптің ағалары оны Мысырға кетіп бара жатқан ысмағұлдықтарға (мадияндықтар деп те аталатын) жиырма мысқал күміске сатып жіберді.</li> <li>3. Жүсіптің әкесі Жақып ұлдарының өтірігін естігенде, жүрегі қарс айырылғандай болды. Олар Жақыпқа ешкінің қанына малынған шапанды көрсетті. Жақып ұлын өлген екен деп ойлады.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>2-сабақты аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз</b> Ағалары жеккөрген бала</p>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жақып Хараннан Қанахан еліне қайтып бара жатты. Ол Есаумен кездесуге қорықты, себебі жиырма жыл бұрын ол Жақыпты өлтірмекші болған еді. (<b>Жарат. баст. 27:41</b>)</li> <li>2. Жақып Есаудың төрт жүз адамымен келе жатқанын естіп, отбасын екі топқа бөлді. Біреуіне шабуыл жасаса, екіншісі қашып құтылатынын ойлады.</li> <li>3. Жақып Есаумен татуласу үшін, оған бірінен соң бірі үш топқа бөлінген, жалпы саны 580 бастан тұратын мал отарын жіберді.</li> <li>4. Жақып жалғыз өзі Пенуелде (Құдайдың бет-жүзі) түнеді. Сол жерде ол өміріндегі ең керемет оқиғаны басынан кешірді. Құдай Жақыптың жамбас ұршығын ойығынан шығарып жіберіп, оның есімін Исраил деп өзгертеді.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>2-талдауды аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Пенуелде</p>
<b>ҚАЙТАЛАУ</b>	<p>Осы оқиғада бәрі Құдайдың бақылауында болғанын атап өтіңіз. Ысмағұлдықтар өздері байқамаса да, Жүсіпті Мысырға тегін жеткізіп салды. Сол жерде олар Жүсіпті перғауынның сарай қызметкерлерінің бірі Потифарға сатып жіберді. Дәл осы Мысырда Құдай Жүсіпке мол батасын беріп, ол бүкіл Мысыр еліндегі екінші адам дәрежесіне көтерілмек еді.</p> <p><b>Забур 75:11-аяттың</b> Жүсіптің оқиғасына қандай қатысы бар екенін талқылаңыз.</p>	<p>Балаларға жауаптарды толтыруға көмектесетін сұрақтар қою арқылы осы талдауды қайталаңыз.</p> <p>Берілген сөздердің мағынасына назарларын аударыңыз: Маханайым (<b>2-аят</b>) – Қос мекен.</p> <p>Жақып (<b>27-аят</b>) – Өкшебасар немесе Алдамшы.</p> <p>Исраил (<b>28-аят</b>) – Құдаймен күресуші немесе Құдайдың ханзадасы.</p> <p>Пенуел (<b>30-аят</b>) – Құдайдың бет-жүзі.</p>
<b>ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ</b>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қызғаншақтық пен жек көру басқаларға қалай әсер етеді?</li> <li>2. <b>Римдіктерге 6:12-дегі</b> негізгі аяттың бүгінгі қоғамға өзектілігін талқылаңыз.</li> </ol>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жақып Құдаймен жеке қалды. (<b>24-аят</b>) Мәсіхшілер Құдаймен жеке уақыт өткізуді нәліктен бағалауы керек?</li> <li>2. Періште Жақыппен күресіп, оның тәкаппарлығынан және екіжүзділігінен арылтты. Мәсіхшілер бұдан нені үйренеді?</li> <li>3. Құдаймен кездескен кезде, Ол Жақыптың есімін өзгертті. Мәсіхшілердің өмірінде қандай</li> </ol>

3 - 4-деңгейлер	B6 3-деңгей 3-сабақ. Жүсіптің өмірі Тақырып: Адал тұтқын	B6 4-деңгей 3-талдау. Жақып пен оның отбасы Тақырып: Бетелде
	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 39:1-6, 19-23</b>  <b>Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 39:21</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүсіп үйінен алыста, Мысыр елінде жүрсе де, ең қиын жағдайлардың өзінде Құдайға деген адалдығынан айнымады.</li> <li>2. Құдайдың көз жанары үнемі Жүсіпте болғаны және оған керемет болашақ дайындап қойғаны мәсіхшілерге анық еді. <b>(Римдіктерге 8:28)</b></li> </ol>	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 35:1-15</b>  <b>Негізгі аят: Забур 36:7</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер Құдайдың жолынан тайып кетсе де, Құдайдың оларды ешқашан тастап кетпейтініне сенеді.</li> <li>2. Мәсіхшілер өткендегі қателіктерімен күресуде, сондай-ақ болашақта кездесуі мүмкін қиындықтар мен сынақтарды жеңуде Құдайдың көмегіне сүйенеді.</li> </ol>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Жазықсыз бола тұра, темір тордың арғы жағына қамалған адамдардың әділетсіздікке деген сезімдерін талқылаңыздар. Жүсіптің басынан да дәл осындай жағдай өткенін түсіндіріңіз. Сондай-ақ бүгінгі таңда кейбір елдерде сенушілердің түрмеде отырғанын айтып өтіңіз. Олар қандай да бір қылмыс жасағаны үшін емес, Құдайға адал болудан бас тартпағаны үшін қамауда отыр.</p>	<p>Мәсіхшілердің Құдайдың қорғауына иек артатынына назар аударту арқылы сабақты бастаңыз. <b>Забур 90-жыр мен Римдіктерге 8-тарауды оқып, осы аяттар қорғанышты қалай бейнелейтінін талқылаңыз.</b> Кіріспе немесе негізгі мәлімет ретінде келесі аяттарға да сілтеме жасауға болады. <b>Забур 90:2, 15 және Римдіктерге 8:31.</b></p>
ТОЛЫҚТЫРУ	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ысмағұлдықтар Жүсіпті құл ретінде перғауынның сарайының қызметшісі Потифарға сатып жіберді.</li> <li>2. Потифардың әйелі оған Жүсіп туралы өтірік айтып, жала жауып, оны түрмеге жаптырды.</li> <li>3. Жүсіп түрмеде өзін жақсы жағынан көрсетіп, түрме бастығы оның қарамағына барлық тұтқындарды тапсырды.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>2-сабақты аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз</b> Адал тұтқын</p>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Құдай Жақыпқа шамамен отыз жыл бұрын <b>Жаратылыстың басталуы 28:20-22-аяттарда</b> берген антты орындауды бұйырды. Сөйтіп, ол Бетелге оралды.</li> <li>2. Жақып отбасына бөтен тәңірлердің мүсіндерін лақтырып тастап, киімдерін ауыстыруын бұйырды. Олар солай өткенде, «Құдай төңіректегі қалаларға үрей төндірді». <b>(35:5)</b></li> <li>3. Ол Бетелде құрбандық ұсынатын орын тұрғызып, Есаудан қорғағаны үшін Құдайға тағзым етті.</li> <li>4. Құдай Жақыппен Бетелде тағы да кездесіп, Ыбырайым және Ысқақпен жасаған келісімін жаңартты.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>2-талдауды аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Бетелде</p>
ҚАЙТАЛАУ	<p>Құдайдың Жүсіптің өмірін қалайша өзгертіп жібергені туралы балалардан сұрап, сабақты қайталаңыз. Бауырлары оған жамандық істесе де, Жүсіп Құдайға сенімді әрі жауапкершісі мол адам болып қала берді</p>	<p>Рахила ұлын Бенони, яғни, «Бәлемнің ұлы» деп атады, бірақ Жақып оны Бунымин, яғни, «Бақыт ұлы (оң қолымның ұлы)» деп атады. Мәсіхшілер үшін бұл талдау Исаның өлімі мен қайта тірілуінің көрінісі болып табылады. Ол айқыш ағаш азабын басынан өткізіп, содан кейін көктегі Құдайдың оң жағына көтерілді. Бетел Жақып үшін ұмытылмас тәжірибе болғандай, айқыш ағаш та мәсіхшілерді Исаның ұмытылмас оқиғасына нұсқайды.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүсіптің басынан өткен оқиғаларды ескере отырып, мәсіхшілер қиын-қыстау кездерде қалай әрекет етулері керек?</li> <li>2. Киелі кітапта тағы басқа кімдер сенімі үшін түрмеге қамалды?</li> </ol>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәсіхшілер Құдайдан күнделікті бағыт-бағдар алу үшін, Киелі кітап оқып, мінажат етеді.</li> <li>2. Бетелде болған жағдайды талқылаңыз.</li> <li>3. Еврейлерге 13:5-аят бүгінгі мәсіхшілерді қалай жұбатады?</li> </ol>

3 - 4-деңгейлер	B6 3-деңгей 4-сабақ. Жүсіптің өмірі Тақырып: Жаңа өмірші	B6 4-деңгей 4-талдау. Жақып пен оның отбасы Тақырып: Қанаханда
	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 41:14-49</b>  <b>Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 41:32</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүсіп Құдайдың екі түстің де мағынасын ашып бере алатын қабілетін жоғары бағалағандықтан, Құдай оған үлкен жауапкершілікті тапсырды.</li> <li>2. Жүсіп Құдайға адал болды және Ол Жүсіпке жар болды</li> </ol>	<p><b>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 37:1-36</b>  <b>Негізгі аяттар: Ефестіктерге 4:31-32</b>  <b>Біздің үйренетініміз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Біреуді басқадан артық көрушілік қызғанышқа әкелуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде көптеген басқа да ауыр салдарларға себеп болады.</li> <li>2. Ағайындылары өз күнелерінің зардабымен ұзақ жылдар бойы өмір сүруге мәжбүр болса да, ақырында Жүсіп әкесінің өліміне дейін оларға өзінің кім екенін ашты. Солайша олар көшірімге ие болып, онымен татуласты. (<b>Жарат. баст. 50:20</b>)</li> </ol>
<b>ТАНЫСТЫРУ</b>	<p>Осы уақытқа дейінгі оқиғаны еске түсіріп, Құдай Жүсіптің өмірінде Өз жоспарларын жүзеге асырып жатқанын түсіндіріңіз. Жүсіптің игі куәлігінің арқасында (39-аят) ол елдегі екінші басшы болып тағайындалғанына назар аударыңыз. 42-аятта сипатталғандай, сақина Жүсіптің құл дәрежесінен патша ұлының дәрежесіне көтерілгенін, жыртқы шапанның орнына берілген ақ бәтес киім оның жаңа мәртебесін, алтын алқа оның билікке ие болғанын білдіріп, 43-аятта оған берілген пәуеске оның енді тұтқын емес, перғауынның патшалығында еркіндікке ие болғанын көрсетеді. Ол 17 жасындағы зындандағы қорлықтан, 30 жасындағы жоғары мәртебеге дейінгі жолдан өтті. Ол өте жас болса да, өте жауапты қызметті атқарды.</p>	<p>Жақыптың отбасы мен олардың басынан өтіп жатқан қазіргі жағдайын таныстырыңыз.  Киелі кітаптың басқа да үзінділеріне сілтеме жасай отырып, оқиғаның алғы шарттарын дайындаңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>I. <b>Забур 55.</b> Шайтан шабуыл жасау үшін басқаларды қаншалықты қолданса да, Құдай Өзіне сенетіндерге қамқорлық көрсететініне мәсіхшілер сенеді.</li> <li>II. <b>Матай 5:43-48, Ефестіктерге 4:22-32.</b> Бұл аяттар мәсіхшілерді қандай мінез-құлық пен ұстанымға шақырады?</li> </ol>
<b>ТОЛЫҚТЫРУ</b>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Перғауын түстер көрді және оларды жору үшін Жүсіпті түрмеден алдыртты.</li> <li>2. Жүсіп перғауынның екі түсінің мағынасын түсіндіріп берді. Бұлар жеті жыл тоқшылық пен жеті жыл ашаршылықты білдірді. Перғауын Жүсіпті екінші өмірші етіп қойды. Жүсіп астық қоры бағдарламасын басқарды.</li> <li>3. Молшылық жылдарында астықтың көп болғаны соншалық, олардың санына жету қиын болды. Жеті жылдық ашаршылық келген кезде Мысырдың ашыққан халқы мен одан алыс аймақтар үшін де артық астық қоры жеткілікті болды.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>2-сабақты аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз</b> Жаңа өмірші</p>	<p><b>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз</b>  <b>Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жақып Жүсіпке деген сүйіспеншілігінің белгісі ретінде оған түрлі-түсті шапан сыйлады, бірақ бұл оның бауырларының өшпенділігін тудырды.</li> <li>2. Жүсіп түс көріп, онда оның он бір ағасы мен Лия және Жақыптың (Рахила қайтыс болған еді) болашақта оған иіліп, тағзым ететіні аян болды.</li> <li>3. Жүсіптің бауырлары ашуланып, оны өлтіруді жоспарлады, бірақ оның орнына оны ысмағұлдықтарға (мадияндықтарға) сатып жіберді. Олар бұл істері арқылы Құдайдың Жүсіпті болашақта жоғары мәртебеге көтеру туралы жоспарын жүзеге асырып жатқандарын түсінбеді.</li> <li>4. Жүсіптің бауырлары оның қанға малынған шапанын Жақыпқа қатыгездікпен әкеліп берді. Жақып Жүсіпті өлді деп ойлап, өзі қатты жақсы көрген ұлы үшін аза тұтты. “Алдамшы, атанған Жақып енді өзі “алданған”, адамға айналды.</li> </ol> <p><b>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</b>  <b>2-талдауды аяқтаңыз.</b>  <b>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз.</b> Қанаханда</p>
<b>ҚАЙТАЛАУ</b>	<p>Балалардан өздерін Жүсіптің орнына қойып, көз алдарына елестетіп көруін сұраңыз. Балаларға тапсырма:</p> <p>Жақып әкеге өзінің жаңа қызметі туралы хат жаз. Перғауынның патшалығында адамдар саған қалай қарағанын сипаттап бер.</p>	<p>Балаларды “жамандыққа жамандықпен қайтарма, деген ұстаным туралы ойлануға итермелейтін сұрақтар қою арқылы осы зерттеуді қорытындылаңыз.</p>
<b>ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ</b>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қиыншылыққа тап болған мәсіхшілерді бұл әңгіме қалай жігерлендіреді?</li> <li>2. Осы әңгіме Құдайға адал болу туралы мәсіхшілерге нені көрсетеді?</li> </ol>	<p><b>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <b>Ефестіктерге 4:32-аят</b> бағыт-бағдар беретін өмірдің қағидасына жататынын не жатпайтынын сұраңыз.</li> <li>2. <b>Матай 5:45-аяттан</b> мәсіхшілер нені үйрене алатыны туралы талқылаңыз.</li> </ol>

**А- қосымшасы 0 және 1 деңгейлер Киелі кітаптан тегін суреттер**

	Тақырып	Өңгіменің суреттері	
B5	Астарлы әңгімелер	Қайырымды самариялық <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/ml-good-samaritan/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/ml-good-samaritan/</a>	
		Жоғалған қой <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/rr-lost-sheep/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/rr-lost-sheep/</a>	
		Адасқан ұл <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/prodigal-son-preschool/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/prodigal-son-preschool/</a>	
		Тұқым себуші <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/parable-sower-preschool/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/parable-sower-preschool/</a>	
B6	Жүсіп	Жасөспірім түс көруші <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-dreamer/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-dreamer/</a>	
		Ағалары жек көрген бала <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-dreamer/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-dreamer/</a> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/bpa-joseph/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/bpa-joseph/</a>	
		Жақсы құл <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-prison/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-prison/</a>	
		Жаңа өмірші <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-prison/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-prison/</a>	

**А-қосымшасы 2-деңгей Киелі кітаптан тегін суреттер**

	Тақырып	Өңгіменің суреттері	
B5	Астарлы әңгімелер	Қайырымды самариялық <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/rr-good-samaritan/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/rr-good-samaritan/</a> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-064-good-samaritan/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-064-good-samaritan/</a>	
		Жоғалған қой <a href="https://www.freebibleimages.org/photos/lost-sheep/">https://www.freebibleimages.org/photos/lost-sheep/</a>	
		Адасқан ұл <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-067-prodigal-son/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-067-prodigal-son/</a>	
		Тұқым себуші <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-049-parable-sower/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-049-parable-sower/</a>	
B6	Жүсіп	Жасөспірім түс көруші <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-joseph-dreams/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-joseph-dreams/</a> <a href="https://www.freebibleimages.org/photos/josephs-dreams/">https://www.freebibleimages.org/photos/josephs-dreams/</a>	
		Ағалары жек көрген бала <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-pit/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-pit/</a>	
		Адал тұтқын <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-joseph-prison/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-joseph-prison/</a> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-prison/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-prison/</a>	
		Жаңа өмірші <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-pharaoh-dreams/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-pharaoh-dreams/</a>	

**В-қосымшасы 3-деңгей Киелі кітаптан тегін суреттер**

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
B5	Алғашқы мәсіхшілер	<b>Құдай дайындады</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-ascension/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-ascension/</a> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/pentecost/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/pentecost/</a>
		<b>Өлуге дайын болу</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/stephen-martyred/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/stephen-martyred/</a>
		<b>Тыңдауға дайын болу</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/philip-ethiopian/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/philip-ethiopian/</a>
		<b>Баруға дайын болу</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-cornelius/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-cornelius/</a>
B6	Жүсіп	<b>Жас түс көруші</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-dreams/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-dreams/</a> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-joseph-dreams/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-joseph-dreams/</a>
		<b>Ағалары жек көрген бала</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-pit/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-pit/</a> <a href="https://www.freebibleimages.org/photos/joseph-slave/">https://www.freebibleimages.org/photos/joseph-slave/</a>
		<b>Адал тұтқын</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-joseph-prison/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-joseph-prison/</a> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-prison/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-prison/</a>
		<b>Жаңа өмірші</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-pharaoh-dreams/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-pharaoh-dreams/</a>

**С-қосымшасы 4-деңгей Киелі кітаптан тегін суреттер**

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
B5	Алғашқы мәсіхшілер	<b>Степан</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/stephen-martyred/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/stephen-martyred/</a>
		<b>Філіп</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/philip-simon/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/philip-simon/</a> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/philip-ethiopian/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/philip-ethiopian/</a>
		<b>Корнел</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-cornelius/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-cornelius/</a>
		<b>Барнаба</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-john-arrested/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-john-arrested/</a> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-conversion/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-conversion/</a>
B6	Жақып пен оның отбасы	<b>Харанда</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/jacob-wedding/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/jacob-wedding/</a>
		<b>Пенуелде</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/jacob-esau-reunited/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/jacob-esau-reunited/</a>
		<b>Бетелде</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/jacob-esau-reunited/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/jacob-esau-reunited/</a>
		<b>Қанаханда</b> <a href="https://www.freebibleimages.org/photos/josephs-dreams/">https://www.freebibleimages.org/photos/josephs-dreams/</a> <a href="https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-pit/">https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-pit/</a>



© Bible Educational Services 2023 [www.besweb.com](http://www.besweb.com)